



ҚАЗАН АЙЫНДА ҚАЙ ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ?

3



ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН АРАЛАДЫ

9



АҚШ АСЫРАҒАН АРУ... жүрек түкпіріндегі жан сырымен бөліседі

12

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №132 (6425) 4 қараша, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БІРЛІГІ БЕКЕМДЕНЕ ТҮСТІ

Елордада Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті өтті



Астанада Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Түркі мемлекеттері ұйымының мерейтойлық X саммиті өтті. Мемлекет басшысы жоғары деңгейдегі жиынға қатысу үшін түркі халықтарының қасиетті қара шаңырағы – Қазақстанға арнайы келген мемлекеттер басшыларына айрықша ілтипат білдіре отырып, еліміздің бастамасымен құрылған Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастығы кеңесі қазір толыққанды, беделді халықаралық ұйымға айналғанына назар аударды.

– «Түркі әлемінің келешегі–2040» атты құжат бекітілді. Ең бастысы, бауырлас елдердің бірлігін бекемдей түстік. Ортақ құндылықтарымызды төрткүл дүниеге таныттық. Біз бабалар өсиетін орындап, түркі елдерінің ынтымағын нығайтып келеміз. Ендігі мақсат – өзара сенімге және бауырластыққа негізделген бірлігімізді сақтап, өскелең ұрпаққа табыстау. Сондықтан түркі халықтарының ықпалдастығын арттыра түсу – бәрімізге ортақ міндет, – деді Мемлекет басшысы.

2

БІТКЕН ІС КӨП, АТҚАРЫЛАР ШАРУА АЗ ЕМЕС

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев екі аудандағы инженерлік коммуникациялар деңгейін тексерді

Тұрғындар талабы – басты назарда. Алмалы мен Әуезов аудандарындағы бірнеше нысанды аралап көрген қала басшысы алматылықтардың талап-тілектеріне орай қолға алынған жұмыстардың сапасы мен қауіпсіздігін бағалады.

Алдымен Әуезов ауданындағы №18 емхананың жаңа ғимаратының құрылыс алаңына барып, 340 келушіге арналған болашақ емхананың құрылыс алаңын аралады. Ауданы 0,5 га жер учаскесі медициналық мекемелердің жүктеме мәселесін шешу үшін жеке тұлғадан сатып алынды.

Ескірген «Дубоктың» орнына №18 қалалық емхананың жаңа филиалы салынады. Қазір ықшамауданның 11 мыңға жуық тұрғыны медициналық қызмет алатын ғимаратқа 45 жыл толды. Ол медициналық мекемелерге қойылатын заманауи талаптарға сай емес, энергиямен, жылумен, сумен жабдықтау жүйелері әбден тозған.

Жаңа емханада пациенттерге диагностикалық қызмет көрсету, сондай-ақ күндізгі стационар қызметтері қолжетімді болады. Қала басшысы емхана-



ның кіреберісіне назар аударды: азаматтарға ыңғайлы және кептеліс болдырмау үшін Ерболат Досаев екі жақты қозғалыс және екі жаққа да еркін өту мүмкіндігі бар жолды ұзарту мәселесін пысықтауды тапсырды.

«Мамыр» ықшамауданында Әуезов

ауданының тұрғындары үшін емхананың технологиялық жабдықталған қосымша филиалы ашылды. Аудан аумағында барлығы 11 мемлекеттік медициналық ұйым жұмыс істейді, оларға 261,1 мың адам тіркелген. Сондай-ақ, 38 жеке медициналық мекеме жұмыс істейді.

4-5

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.11.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

5.11.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



АҚОРДА

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БІРЛІГІ БЕКЕМДЕНЕ ТҮСТІ

Елордада Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті өтті

(Басы 1-бетте)

ҰРАНЫМЫЗ – «ТҮРКІ ДӘУІРІ!»

Президент Қазақстанның Ұйымға төрағалығы «Түркі дәуірі!», яғни «TURKTIME!» ұранымен өтетінін мәлімдеді. Бұл ретте Мемлекет басшысы еліміздің салт-дәстүр (Traditions), біріздендіру (Unification), реформалар (Reforms), ғылым (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) атты сегіз мәселеге басымдық беретінін атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталды.

Президенттің айтуынша, түркі бірлігін дәріптеудің маңызы зор. Өйткені, біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз және діліміз – ортақ. Осыған байланысты Түркі мемлекеттері ұйымының, оның құрылымдарының туларын және эмблемаларын бір үлгіге келтірген жөн.

– Бүгін өздеріңізге ұсынылған эскиздерді бірге қарап, ортақ шешім қабылдаймыз. Бұл тарихи сәт болмақ. Тарихтан сыр шертетін ортақ мұрағатты зерттеп, ұрпаққа ақиқатты жеткізу – біздің парызымыз. Құзырлы органдарымызға беймәлім деректерді бірлесіп зерделеуді тапсыруды ұсынамыз. Сондай-ақ, елдеріміздің телехикаяларын өзара насихаттау маңызды. Әсіресе, балаларға арналған анимациялық фильмдерді көбірек таратқан жөн. Бұған әлеуметтік желіні пайдалану, танымал медиа тұлғаларды жұмылдыру керек деп есептейміз, – деді Президент.

ҚАТАРЛАСА ДАМУ МАҢЫЗДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев түркі мемлекеттерінің қатар дамуы өте маңызды деп санайды. Бұл ретте Президент Ұйымға мүше елдердің стандарттары мен терминологиясын жүйелеуді ұсынды.

– Осыған байланысты модельдік заң жобасын қысқа мерзім ішінде қарап, оны мақұлдауға шақырамын. Бұл бастама тауарларымызды ортақ нарыққа еркін шығаруға жол ашады. Ал бірыңғай стандарттар ішкі жалпы өнімді жыл сайын шамамен 1 пайызға арттыруға мүмкіндік береді. Қазір елдеріміздің ішкі жалпы өнімі 1,4 триллион долларға жуықтады. Биыл Ұйым мүшелері арасындағы тауар айналымы 22 миллиард доллардан асты. Ортақ талаптар бекітілсе, бұл көрсеткішті 1,5 есе ұлғайтуға болады. Бұдан бөлек, Түркі мемлекеттері ұйымының Референттік орталығын құрған жөн деп санаймын. Бұл орталық өнімді сынау нәтижелерін өзара тануға, сондай-ақ химия және тамақ өнеркәсібі салаларында жаңа зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



ЫНТЫМАҚТАСҚАН ҰТАДЫ

Президент атаған үшінші басымдық – реформалар. Мемлекет басшысы Ұйым қызметін оңтайландыру және халықаралық ықпалдастық жөніндегі бірқатар ұсынысын ортаға салды.

– Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Тұрақты өкілдерімізді тағайындау мәселесін тезірек шешуге шақырамын. Сондай-ақ, хатшылық қызметкерлерінің санын көбейту туралы ұсынысты қолдаймыз. Түркі мемлекеттерінің сайлау саласындағы ынтымақтастығын нығайту қажет. Орталық сайлау органдарының консультативтік кеңесін құруға болады. Соңғы кезде біздің Ұйымға халықаралық және аймақтық құрылымдардың қызығушылығы арта түсті. Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымына байқаушы мәртебесін беру туралы бастаманы қолдаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ғылыми әріптестік арқылы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты нығайту аса маңызды екеніне назар аударды. Бұл орайда Президент Ұйымға мүше елдердің басшыларына әлемдегі үздік университеттердің филиалдары мен тіл үйрететін бөлімдер ашуды, бірлескен ғылыми шаралар өткізіп, тәжірибе алмасуды, сондай-ақ жасанды интеллекті, цифрлық және аэроғарыш өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударуды ұсынды.

ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысының пікірінше, қазіргідей халықаралық ахуал тұрақсыз, ал-

мағайып кезеңде түркі жұртының бірлігін бекемдей түсу маңызды.

– Бұл – ортақ қауіпсіздігіміздің сенімді кепілі. Қару-жарақ және есірткі саудасына, терроризм мен экстремизмге, көші-қонға қатысты сын-қатерлер көбейді. Мұндай қауіптердің алдын алу үшін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуымыз керек. Осы орайда мен келесі жылы Астанада мемлекеттеріміздің Қауіпсіздік кеңесі хатшыларының 3-ші отырысын өткізуді ұсынамын. Түркі мемлекеттерінің қаржылық тергеу органдары арасында қылмыспен бірге күресу және ақпарат алмасу туралы келісім жасау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы инвестицияны алтыншы басымдық ретінде атады. Өріптестерін аймақтар арасында сауда-саттықты кеңейтіп, экономикаға қаржы құюға баса мән беруге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, айналамызда күрделі ахуал қалыптасқан қазіргі кезеңде медиацияны да рөлін арттыру қажет. Мемлекет басшысы Ресей мен Украина, Израиль мен Палестина арасындағы қанды қақтығыстарды, Батыста белең алған заңсыз көші-қон мәселесін мысалға келтіріп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету басты міндет екенін айтты.

– Осы орайда, Қазақстаннан Палестина халқына 1 миллион доллар көлемінде гуманитарлық көмек беру туралы шешім қабылдады. Ондаған жыл бойы шешімін таппаған өзекті мәселелерді зорлық-зомбылық көрсету және лаңкестік әдістер арқылы шешу мүлдем

дұрыс емес. Қазақстан мұндай тәсілдерді қатаң айыптайды. Ахуал ұшығып кетсе, оның салдары тіпті ауыр болуы мүмкін. Бұл ретте кез келген жанжалды бейбіт келіссөз және дипломатиялық диалог арқылы ғана шешуге шақырамыз. Біз үшін әр елдің аумақтық тұтастығын сақтау және оның ішкі ісіне қол сұқпау – басты басымдық, – деді Президент.

ЖАҢА ҚУАТ КӨЗДЕРІ АШЫЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев сегізінші басымдық – энергия мәселесіне айрықша тоқталып, еліміздің осы саладағы бастамалары жөнінде баяндады.

– Қазақстан жаңа қуат көздерін дамытуға, жаңғыртуға және оны тасымалдау жолын әртараптандыруға баса мән беріп отыр. Біз геологиялық барлау, қуат өндіру істеріне озық тәжірибені және технологияны енгізуге айрықша көңіл бөлеміз. Мұнай-химия өнеркәсібін дамытуға ерекше назар аударамыз. Сонымен қатар, «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істегіміз келеді. Мен биыл Қазақстанда Халықаралық энергетика форумын өткізуді ұсындым. Көтерілген мәселелерді форум кезінде кеңінен талқылауға болар еді. Қазақстан климаттың өзгеруіне және тұрақты даму қағидаттарына баса мән береді. 2026 жылы Қазақстанның бастамасымен климат мәселесіне арналған аймақтық саммит өткізу жоспарланып отыр. Түркі бауырларымыз бұл бастамаларды қолдайды деп сенемін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, түркі мемлекеттерінің басшыларын бірлікке шақырды.

Сонымен қатар, саммитте ұйымның қазіргі төрағасы – Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Түрікменстан Халқ Мәслихатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары Ұйымға бірқатар мақсат міндет жүктеді. Бұдан бөлек, маңызды құжаттарға қол қойылды. Сондай-ақ, Түркі елдерінің бірлігін күшейтуге қосқан елеулі үлесі үшін Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев «Түркі әлемінің ең жоғарғы орденімен» марапатталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(дереңкөз: www.akorda.kz).

БІЛІМДІ ҰЛТ

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ 95 ЖЫЛДЫҒЫН ТОЙЛАДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театрында қазақтың осынау бас ақынының атын иемденген Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 95 жыл толуына орай мерекелік шара өтті.

Айнабай
МӘДИ

Аталған білім ордасы – елімізде ашылған ең бірінші жоғары оқу орны. Оған қоса, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ірі ғылыми және педагогикалық білім беру орталығы. Университеттің қалыптасуына ұлт зиялылары – Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, басқа да көптеген көрнекті қайраткерлер зор үлес қосты.

95 жылдық тарихында білім мен ғылымның қара шаңырағы бүгінгі күнге дейін өз алтын ұясынан отандық педагогиканың дамуына тың серпін беріп, 200 мыңға жуық педагог пен 4 мыңнан аса ғылыми кадрды қанаттандырды. Бүгінде университет әлемнің 25 мемлекетінің 138 жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыста жұмыс істейді. Әлемдік аренада Абай университеті QS World University Rankings, The Times Higher Education World University Rankings және THE Impact Rankings сияқты беделді рей-



тингтеріне қатысып, әлемдегі үздік университеттер қатарында жыл сайын өз позициясын көтеріп келеді.

QS World University Rankings әлемдік рейтингінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша 681–690 орынды иеленіп, әлемдегі үздік 700 университеттер қатарына енді. QS World University Rankings рейтингінде Азия бойынша 147 орынмен ТОП-200 үздік университеттер қатарында енді. Абай университеті Орталық Азия мен Қазақстан бойынша 4-орынға ие болды. Тұрақты даму мақсаттарын басшылыққа алған THE Impact Rankings рейтингінде университет 601–800 позициядан көрініп, Қазақстандық университеттердің арасында көш бастап тұр.

«Университеттің 95 жылдығы – ЖОО-ның осыған дейін жеткен жетістігін түйіндеп, пысықтап, алдағы уақыттағы жұмыстарды жоспарлауға қолайлы меже. Демек, бүгінгі салтанатты шарада біріншіден, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы марапатталып, қошеметтелді. Екіншіден, бұл мереке – университеттің әр жылдарғы түлектері мен осы күнгі оқып жүрген студенттер қауымына оқу орнының жеткен жарқын жетістіктері мен алда күтіп тұрған мақсат-межелерін көрсетуге мүмкіндік беретін сындарлы сәт.

Университеттің іргетасын қалаған тұңғыш ректоры Санжар Асфендияров, Ахаң – Ахмет Байтұрсынұлы сынды арыстарымыз-

дың, Ұлы Мұхамет – Мұхтар Әуезов, көп жылдар бойы университет ректоры болған Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин тәрізді ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаздардың осы университетте сабақ беріп, әкімшілік қызмет атқарғанының өзі бізге үлкен мақтаныш, сонымен бірге зор жауапкершілік те жүктейді», – деп мерейлі мерекенің мән-намызын Абай атындағы ҚазҰПУ-дың басқарма төрағасы – ректоры Болат Тілеп айрықша білдірді.

Ел Үкіметінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Оқу-ағарту министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Ұлттық Ғылым академиясының, дипломатиялық өкілдіктердің, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының басшылары, университеттің түлектері, белгілі отандық, шетелдік ғалымдар мен сарапшылар, жалпы білім беру мекемелерінің директорлары мен оқытушылары қатысқан салтанатты шарада Абай университетінің бірқатар профессор-оқытушыларына «Ерен еңбегі үшін» мемлекеттік медалі тапсырылып, Ғылым және жоғары білім министрлігінің төсбелгілерімен марапатталды. Солардың белортасында танымал тарихшы, академик Мәмбет Қойгелдиев те болды. Онлайн форматта ҚР Ғылым және жоғары білім министрі оқу ордасына мерекелік құттықтауын жолдаса, Алматы әкімінің құттықтау-хатын әкімдіктің аппарат жетекшісі оқып берді.

Рәсімді жиыннан соң университеттің тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы деректі фильм көрсетілді. Салтанатты кеш Ғ.Мүсірепов атындағы театрдың өнер майталмандары, университеттің танымал түлектері мен ұстаздарының, дарынды жастардың қатысуымен мерекелік концертке ұласты.



САРАПТАМА

ҚАЗАН АЙЫНДА ҚАЙ ПАРТИЯ БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ?

Газетіміздің №86 («Депутат қояр сауал көп») және №88 («Мәжіліс-тегі мәселе: «Партиясыз» депутаттар басым түсті») сандарында «Мәжіліс депутаттары саяси белсенді ме?», – деген сұраққа жауап іздеп едік. Ал №116 санында («Жаңа саяси маусым: Қай саяси партия белсенді?») жаңа саяси маусымды мәжіліс депутаттары қалай бастағаны туралы сөз қозғадық. Енді депутаттардың, биліктегі партиялардың қазан айындағы саяси белсенділігін сараптап көрсек. Ол үшін депутаттық сауалдарға жүгіндік.

Саяси белсенділік төмендеді

Биыл 1 қыркүйекте жаңа саяси маусым басталды. Парламент Мәжілісінің VIII шақырылым 2-сессиясы жұмысқа кірісті. Бір ай бойы Мәжіліс депутаттары уәкілетті органдарға 66 депутаттық сауал жолдаған. Қазан айында барлық фракциялардың саяси белсенділігі екі есе төмендеді. Депутаттар 35 сауал жолдаған. Бұған адами фактор әсер етуі мүмкін. Кез келген істі белсенді бастайтынымыз бар емес пе? Одан кейін бастапқы құлшыныс басылады. Сондықтан бұдан саяси астар іздеудің қажеті жоқ.

Оқырманға ескерте кететін бір жайт бар. Алдыңғы айда 5 сауалды бірмандатты округтан сайланған депутаттар жолдады. Ал қазанда 5 сауалды депутаттар бірлесіп жазған.

Айы	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек	32	10	7	6	3	3
Қазан	13	5	5	4	2	1

AMANAT көшбасшы, «ЖСДП» мен Respublica көш соңында

Депутаттық сауал жолдаудан AMANAT тағы да көш бастап келеді. Қазан айында билеуші партия депутаттары 13 сауал жолдаған. «Ақ жол» мен «ҚХП» екінші орынды бөлісті. Алаш идеясын дәріптеуші және кәсіпкерлерді қорғаушы партия мен бұрынғы коммунистер әрқайсысы 5 депутаттық сауалдан жолдаған. Бұл олардың алдыңғы шақырылымдарда жинаған саяси тәжірибесімен байланысты.

«Ауыл» партиясы оларға ілесіп келе жатыр. Ауылдың мәселесін көтеретін депутаттар 4 сауал дайындаған. Ал Respublica және «ЖСДП» көш соңында. Қыркүйек айында да жағдай тура осындай еді. Тек оппозициялық «ЖСДП» өткен айдағымен салыстырғанда, күрт төмендеген.

«Ақ жол» жеке-дара

Фракциялардың белсенділігін анықтаудың тағы бір маңызды көрсеткіштің бірі – өзге партияға қосылып депутаттық сауал жолдау. Халық қалаулылары мұндай саяси әдісті жиі қолданады. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген осы шығар. Тағы бір ерекшелігі, бір партияның ішінде де бірлесіп сауал жолдау әдеті қалыптасқан. Көп сауалды партияластар бірлесіп жазады. Мұны жақсы деп те, жаман деп те айта алмаймыз. Мұның еш әбестігі жоқ. Ұжымдық пікір деп қабылдауға болады. Алайда, бір фракцияның ішінде ішкі ережеге сай еркіндік те болуы керек. Өз пікірін еркін білдіре алса партияның ішінде саяси бәсеке болады.

Өзге партия депутаттары бастамасына қосыла сауал жолдаудан бұл жолы AMANAT (9) көш бастап тұр. Қыркүйекте «ҚХП» белсенді еді. «Ақ жол» бұл жолы да жеке дара әрекет ететінін көрсетті. Алайда, қазан айында ешқандай фракция бастама көтерген сауалға қосылмаған.

Өзге партияға бірлесіп жазғаны	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек	13	7	28	13	15	11
Қазан	9	0	6	6	8	5

ДЕНСАУЛЫҚ

Алматыда «Қарттар айлығы» аясында 37 430 науқас кеңейтілген медициналық тексеруден өтті. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы бойынша геронтологиялық қызмет үйлестірушісі, «ҰОС ардагерлерінің қалалық емханасы» бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары Ольга Туеваның қатысуымен брифинг өтті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Естеріңізге сала кетейік, жыл сайын қазан айында «Қарттар айлығы» өтеді. Оның аясында егде жастағы адамдарға әлеуметтік және медициналық көмек пен қолдау көрсетіледі. Мысалы, қалалық медициналық ұйымдар жүргізетін кеңейтілген медициналық тексеру жалпы тәжірибелік дәрігердің немесе терапевттің және бейінді мамандардың (невропатолог, кардиолог, офтальмолог, оториноларинголог, уролог, хирург) тексеруін қамтиды. Аспаптық тексерулер жүргізіледі – ЭКГ, рентгенография, ультратрадыстық тексеру, спирография, көздің ішкі қысымын өлшеу, эхо-кардиография және т.б. Жалпы клиникалық талдаулар, липидтік спектрге, гормондарға талдау алу. Көрсеткіштер бойынша КТ және МРТ тағайындалды. Жолды көтере алмайтын егде жастағы пациенттерге үйге бару ұйымдастырылады. Қазан айында көшпелі медбригадалар 2380 науқасқа көмек көрсетті.

«Науқастардың үйіне барып қызмет көрсететін дәрігерлер бригадаларының құрамына зертханалық талдаулар алып, қандағы

глюкоза мен холестеринді анықтауға арналған экспресс-талдаулар, жалпы және биохимиялық талдауға қан алу, электрокардиография сияқты аспаптық зерттеулер жүргізе отырып, үйде кеңейтілген медициналық тексеру жүргізетін бейінді мамандар кіреді. Көлікпен тасымалдауға келмейтін пациенттердің бәрі айлыққа шеңберінде тексеруден басқа ай сайын учаскелік дәрігерлер немесе медбикелер қарайды, қажет болған жағдайда психологтың кеңесімен қамтамасыз етіледі. Дәрі-дәрмектерін үйге жеткізіп беру де ұйымдастырылды», – деді О.Туева.

Сонымен қатар, диспансерлік есепте тұрған пациенттер тегін дәрілік препараттармен толық көлемде қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, іс-шара аясында ағымдағы айда ауруханаға жатқызуға қаланың тәулік бойғы стационарларында 1270 қарт пациент жолданып, стационарлық ем алды. 87 адам оналтудан өтті.

Стоматологиялық көмекке, оның ішінде тіс протездеуге 341 пациент жүгініп, 68 адам тістерін тегін протездеді, МӘМС аясында 273 адам емделді.

Спикердің айтуынша, емханаларда денсаулық мектептері ашылды, олар: «Белсенді ұзақ өмір сүру мектебі», «Артериялық гипертония мектебі», «Инсульттің алдын алу мектебі», «Қант диабеті мектебі». Онда қант диабетінің асқинуларына көмек көрсету және алдын алу, стенокардия ұстамасын, гипертониялық ауруды жеңілдету бойынша оқыту жүргізіледі. Өткен айда 5040 адамды қамтитын 160 сабақ өткізілді.

Қарттар айлығы күндері кардиолог, невропатолог, офтальмолог ең көп сұранысқа ие



«ЖСДП» жалғыз оппозиция

Сараптама нәтижесі көрсеткендей, бұл жолы да өзге фракция депутаттары билеуші партия саналатын AMANAT-пен біріккенді құптайды екен. Қыркүйек айында да осындай тенденция байқалған. Биліктегі партиялар AMANAT партиясымен бірлесіп 12 сауал жолдаған.

«ЖСДП» бұл көрсеткіш бойынша да көш соңында келеді. Олар 1 ғана депутаттық сауал дайындаған, оның өзіне ешқай фракция мүшелері қосылмаған. Бұл олардың оппозициялық партия екенін көрсетеді.

Көрсеткіш	AMANAT	Ақ жол	ҚХП	Ауыл	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесіп жазған?	Ақ жол – 3 ҚХП – 1 Ауыл – 3 Respublica – 2 ЖСДП – 0	0	AMANAT – 3 Ақ жол – 1 Ауыл – 1 Respublica – 1 ЖСДП – 0	AMANAT – 4 Ақ жол – 1 Respublica – 1 ҚХП – 0 ЖСДП – 0	AMANAT – 4 Ауыл – 2 Ақ жол – 1 ҚХП – 1 ЖСДП – 0	Ақ жол – 2 AMANAT – 1 ҚХП – 1 Ауыл – 1 Respublica – 1

Депутаттарды діни радикализм аландатады

Қазан айында Мәжіліс депутаттары 3 депутаттық сауалда діни радикализм мәселесін көтерген. Діни радикализм қауіпі төнген кезде басым депутаттардың басы бірікті.

4 қазанда AMANAT партиясы фракциясы бастамасымен діни радикализмнен төнген қауіп жайлы мәселе көтерілді. Депутаттар домбыра харам деген және бетін бүркемелеген азаматтар ұлттық құндылықтарға қарсы әрекет етуде деген пікірде білдіріп заңмен тыйым салуды ұсынды. Бір қызығы, осы сауалға «ақжолдықтар» қосылған жоқ. Себебі, олар өздерінің бастамасымен тура сол күні жеке сауал жолдады. «Ақ жол» партиясы сауалда кезінде 2011 жылы діни теріс ағымдарға заңмен тыйым салу керектігі туралы бастама көтергенін жазған. Бірақ сол кезде жалғыз ҰҚК ғана заңға қарсы болғанын тілге тиек еткен. Тағы бір қызығы, «ақжолдықтардың» бұл сауалына аманаттық бір топ депутат та қосылған.

Үшінші депутаттық сауал да сол күні жолданған. Оның авторлары бірмандатты округтан сайланған депутаттар.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ҚАРТТАР ҚАМҚОРЛЫҚ ҚҰШАҒЫНДА

Жолды көтере алмайтын егде жастағы адамдарға үйіне барып қызмет көрсетіледі

болды. Сарапшы атап өткендей, бұл атеросклероздың дамуына және осы ауруларға әкелетін жүрек-қан тамырлары жүйесіндегі өзгерістерге байланысты.

Дәрігер өз сөзінде өмір сүру ұзақтығына айтарлықтай әсер етуі мүмкін негізгі факторлар туралы айтты. Мәселен, адам жасының қысқаруы мен өмір сүру сапасының нашарлауына әсер ететін басқарылатын факторлар-

ды 2005 жылдың өзінде ДДҰ атап өткен келесі себептер жатады: жоғары қан қысымы немесе гипертония; семіздік және дұрыс тамақтанбау; қандағы холестерин мен басқа майлардың жоғарылауы; физикалық белсенділіктің аздығы; темекі шегу; алкогольді шамадан тыс тұтыну; есірткіні қолдану; «сақтанбаған» жыныстық қатынас; ауыз су сапасының нашарлығы; ауаның ластануы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Ольга ТУЕВА, Алматы қаласы бойынша геронтологиялық қызмет үйлестірушісі, «ҰОС ардагерлерінің қалалық емханасы» бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары:

Таңғы жаттығуды қария да жасауы керек

Таңды қарт адам да гимнастикадан бастауы керек. Жаттығулар денені оятады, барлық мүшені жұмыс істете бастайды, метаболизм процесін іске қосады, омыртқаның қозғалғыштығына ықпал етеді. Егде жастағы адамға арналған жаттығулар буындарға зақым келтірмеу үшін жеңіл болуы керек. Таңертеңгі гимнастикадан кейін суық және ыстық суды кезектестіре отырып, душ қабылдаңыз. Таңды осылай бастау сізге бір күнге жетерлік керемет күш береді. Бірақ ескеретін жайт, егде жастағы адам шектен тыс құлшыныс танытпауы керек, физикалық белсенділік үшін мүмкіндігінше көп істі тындырамын деп шамадан тыс жұмыс істемеуі қажет. Қарт адам өзінің тамақтануы мен рационына мұқият болуғаны жөн. Тағамға көкөніс салаттары, сүт және қышқыл сүт өнімдері, ет және балық кіруі керек. Фаст-фудтан, қуырылған, тым ащы және тұзды тағамдардан бас тартқан жөн. Зейнеткердің мәзірі ойық жара мен гастриттің дамуын болдырмау үшін диеталық және ойластырылған болса, нұр үстіне нұр.



БІТКЕН ІС КӨП, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев



● ӘКІМ

(Басы 1-бетте)

«Достықтағы» 759 үй орталық кәріз жүйесіне қосылады

Қала басшысы «Достық» ықшамауданындағы инженерлік желілерді жаңғыртуды тапсырды. Әуезов ауданын аралау барысында су бұру желілерінің құрылысымен танысты. Бұл жұмыс аяқталған соң 759 үй орталық кәрізге қосылады. Жұмысты «Спецкоммунстрой» ЖШС мердігерлік ұйымы 22 көшеде жүргізіп жатыр, су бұру желілерінің жалпы ұзындығы 13,7 км. Аудан әкімі Абзал Егембердиев қала басшысына мердігердің жоспарға сәйкес, биыл жыл соңына дейін Тәуке хан, Розыбақиев, Терме көшелеріндегі алғашқы учаскені тапсыруы тиіс екенін, ал барлық жұмысты 2024 жылы IV тоқсанда аяқтау жоспарланып отырғанын баяндады.

Қала басшысы аудан әкіміне, Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшылығына «Алматы Су» және құрылыс басқармасымен бірлесіп 2018 жылы әзірленген жобамен айналысуды тапсырды. Құжат нөсер кәрізі бойынша жаңа нормаларды және басқа да параметрлерді ескере отырып, жаңартуды қажет етеді. Ерболат Досаев сонымен қатар, алдағы көктемде жол төсемін толық қалпына келтіріп, барлық қызметтің жұмысын үйлестіру қажеттігін атады.

«Бір жерді екі рет қазбас үшін бәрін есептеу керек. Өкінішке қарай, бізде жобалардың бәрі ескі. Оларды жаңа стандарттарға сәйкестендіру қажет. Бұрын бізде инженерлік желілерді траншея әдісімен төсеу кезінде тек траншея қалпына келтірілді. Жол төсемінің енін қалпына келтіру керек. Инженерлік желілер мен арық жүйесін төсеу, жол төсемін қалпына келтіру және одан әрі көгалдандыру сынды жұмыстардың барлығын үйлестіру қажет», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Инженерлік желілер 90%-ға тозған

Әуезов ауданындағы барлығы 4 учаскеде сумен жабдықтау және су бұру желілерін жаңғырту қажет. 1960–1970 жылдары салынған инженерлік желілер тозған. Жұмыс сапары барысында қала басшысы аудан тұрғындарымен кездесті. Ерболат Досаев арық желісін салу бойынша тоқталылған жұмыс 2024 жылдың көктемінде қолға алынып, барлық жол төсемі қалпына келтірілетінін хабарлады.

Сонымен қатар, қала әкімі Ясауи мен Жандосов көшелерінің қиылысындағы №158 мектепті жөндеу мәселесіне түсініктеме берді. Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, мектеп апатты деп танылды. Қазір оқушы орындарын көбейтіп, қайта құру мәселесі пысықталып жатыр. Бұған қоса, Ясауи және Төле би көшелерінің маңында сквер және Шалыпин көшесінде балалар алаңын құру да тұрғындардың өтініші болатын. Ерболат Досаев 2024 жылға «Халық қатысатын

бюджет» бағдарламасын қаржыландыруды ұлғайту жоспарланып отырғанын, оған сәйкес тұрғындар балалар алаңдары мен серуендеу аймақтарын құру және абаттандыру бойынша идеяларды ұсынып, іске асыра алатынын айтты.

«Келесі жылы «Халық қатысатын бюджет» бойынша: қаланың алты ауданына 2 млрд теңге және Алатау мен Наурызбай аудандарына 2,5 млрд теңге сомасында көбейтуді жоспарлап отырмыз. Бұл әртүрлі идеяларды жүзеге асыру мүмкіндігін арттырады», – деді Ерболат Досаев.

Биыл Әуезов ауданында 24 аумақ абаттандырылды

Ерболат Досаев вандализмді болдырмау үшін жаңа аулаларды бейнебақылау камераларымен жабдықтауды тапсырды. 7 ықшамаудандағы аула аумақтарын абаттандыру барысымен танысып, тұрғындармен сөйлесті. «7 және 12-ықшамаудандарда 35 аула орналасқан, оның 24-і биыл жөнделді», – деді Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев.

Әуезов ауданы – Алматыдағы ең тығыз қоныстанған аудандардың бірі, оның тұрғын үй қоры 1700 көппәтерлі үйден асады, аумағында 966 аула орналасқан. Бұл қаланың басқа аудандарына қарағанда көп. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев барлық аулалардың жағдайын талдап, үй маңындағы аумақтарды жөндеу бағдарламасын жалғастыруды тапсырды. Қала басшысы вандализмді болдырмау үшін барлық аулаларды бейнебақылаумен жабдықтау қажеттігін атап өтті. Жөндеу жұмыстары аяқталатын жаңа 24 алаңда жақын арада камералар пайда болады, деп хабарлады аудан әкімі Абзал Егембердиев.

Жөндеу жұмысы шала жүргізілген

Алматы қаласының әкімі жауапты мердігерлердің салғырттығынан Әуезов ауданындағы №127 мектептегі күрделі жөндеу жұмысы дұрыс жүргізілмегенін мәлімдеді. «BEREKET-ТК» ЖШС мердігерлік ұйымына бірқатар сұрақ пен шағым бар, қала басшысы барлық кемшілікті жедел жоюды тапсырды. Мектеп балаларды қабылдауға толық дайын болған жағдайда ғана ашылады.

Бұл мектеп 1988 жылы салынған. Содан бері ғимаратта жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Қауіпсіздік пен білім берудің заманауи нормаларына сәйкес келу үшін Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша 2,4 млрд теңге бөлінді. Күрделі жөндеу жұмыстары былтыр қазан айында басталды, қазіргі уақытта жұмыстар 95%-ға аяқталды.

Қала басшысына жұмыс барысында сейсмикалық күшейту, шатырды, ғимаратты, жылыту жүйесі мен су құбырын жөндеу, бүкіл аумақ бойынша қоршауды ауыстыру, спорт кешенін салу жұмыстары жүргізілгені баяндалды. Қазіргі уақытта мердігер ұйым

аумақты абаттандырумен айналысуда. Ерболат Досаев құрылыс басқармасы басшылығының назарын мердігерлік ұйым жүргізген жобалық жұмыстардың сапасына аударды: қала басшысы күзгі-қысқы кезеңде балаларға ыңғайлы болу үшін мектепке кіре берісте резеңкеленген учаскелердің болмауына, қабырғаларды бояуға қатысты талаптарды айтты. Бұдан басқа, құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын техникалық қадағалауды жүзеге асыратын компанияға ескерту жасалды.

Белгіленген мерзімге сәйкес, мектеп қараша айында ашылуы керек еді. Қала басшысы мердігерге желтоқсан айының соңына дейін барлық олқылықтарды жоюға уақыт берді.

Ганди атындағы саябақ гүлденді

Мегаполис әкімі Алмалы ауданын аралау барысында Ганди атындағы саябаққа ат басын бұрды. Қала басшысы «Халық қатысатын бюджет» аясында қолға алынған саябақтағы абаттандыру жұмысының барысын қадағалады.

Жамбыл – Жароков – Шевченко – Гагарин көшелерінің аумағындағы жақын маңдағы үйлердің тұрғындары жарықты реттеу, жол төсемін қалпына келтіру және ойын алаңдарын ретке келтіру туралы бастама көтерді. Олар үшін Ганди саябағы бос уақыт өткізуге, демалуға таптырмас орын. Саябаққа күн сайын 2 мыңнан астам адам келеді. Ойын алаңдары мен воркаутты жаңарту, демалыс аймақтарын, саябақта жүгіру жолдарын жасау жөніндегі ұсыныстарды «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасында дауыс беру кезеңінде қала тұрғындары белсенді қолдады.

Саябаққа барған кезде Алмалы ауданының әкімі Айдар Жақыбаев қала басшысына жұмыстың үш бағытта жүргізілгені туралы баяндады. 80%-ға саябақта көгалдандыру бойынша міндеттер орындалды, кабельдік желінің және жарықтандыру тіректерінің зақымдануын ауыстыру аяқталып келеді. Абаттандыру жұмыстарының дайындығы 90%: саябақта әткеншегі бар 17 пергола, жарық тартылған 6 беседка, 3 шахмат үстелі, 5 ауыз су бұрқағы орнатылған. Сонымен қатар, аудан әкімінің айтуынша, тұрғындарға ыңғайлы болу үшін иттерді серуендетуге арналған аймақ ірі және кіші тұқым үшін бөлініп жасалды. Саябақтағы жұмысты осы жылдың 15 қарашасында толық аяқтау жоспарланып отыр, нысанға 90 адам жұмылдырылды.

Саябақты аралау барысында аудан тұрғындары Алматы қаласының әкіміне балалар алаңы туралы өтініш білдірді. Мұнда барлығы биік, ата-аналар баласының қауіпсіздігіне алаңдайды. Қала басшысы аудан әкіміне осы мәселені пысықтауды тапсырды.

Қалада тұрғындардың демалысы үшін ашылған тағы бір жобаны қала әкімі жұмыс сапары кезінде аралады. Әуезов ауданындағы Жандосов көшесінің оңтүстігінде және Сүлейменов көшесінің шығысында жаяу

серуендеу аймағын абаттандыру аяқталды. Жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. Бүкіл аумақ жарықтандырылып, жасыл желектерді автоматты суару жүйесі орнатылды.

Ендігі кезекте Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова ескерткіші бар скверлер, Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының және Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының жанындағы субұрқалық реконструкциялау күтіп тұр.

Жұмыс аяқталуға жақын

Ерболат Досаев Алмалы ауданындағы сорғы станциясының жөндеу жұмыстарын тексерді. Төле би – Әуезов – Әйтеке би – Айтиев көшелерінің аумағындағы сорғы станциясын жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

40 жыл бұрын салынған сорғы станциясы 553-тен астам абонентті сумен қамтамасыз етеді. Тұрғындар судың жиі ажыратылатынына шағымданды: 4 сорғының 1-еуі ғана жұмыс істейді. Биыл нысанда 15 апат болды.

Алмалы ауданының әкімі Айдар Жақыбаевтың айтуынша, сорғы станциясында жөндеу жұмыстары 1997 жылдан бері жүргізілмеген. 2018 жылы нысан иесіз деп танылып, энергетика және сумен жабдықтау басқармасының балансына берілді. Қанағаттанғысыз жағдайы салдарынан сорғы станциясы қызмет көрсету үшін «Алматы Су» МКК-ға берілмеді.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша биыл сорғы станциясында жөндеу жұмыстары басталды. Бүгінде ескі жабдық пен шатырды бөлшектеу аяқталды, шатыр мен іргетасты гидроқшаулау жүргізілді, сыртқы окшаулау және қасбеттің қаптамасы жасалды. Аудан әкімі қалпына келтіру жұмыстары барысында сумен жабдықтау тұрақты болғанын атап өтті.

Аралау барысында Алмалы ауданының тұрғындары қала басшысына жаяу жүргіншілер өткелі туралы өтінішпен жүгінді. Ерболат Досаев аудан әкіміне келесі жылы жергілікті тұрғындардың қауіпсіздігі үшін реттелетін өткел орнату мүмкіндігін қарастыруды тапсырды. Сондай-ақ, Нұрмақов-Карасай батыр көшелерінің қиылысында шлагбаум орнату, ғимараттардың қасбетін жөндеу және көлік ағынын реттеу мәселелері қозғалды. Олардың барлығы бейінді ведомстволардың бақылауына алынды.

Алматыда 1500 орынды «Жайлы мектептің» құрылысы басталды

Сондай-ақ, қала басшысы жұмыс сапары барысында Алмалы ауданындағы Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесі қиылысында салынып жатқан мектепке барды. Бұл мектеп 1500 орынды.

Оны Алматы әкімдігі жобалық кеңсесінің қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық



АТҚАРЫЛАР ШАРУА АЗ ЕМЕС

екі аудандағы инженерлік коммуникациялар деңгейін тексерді

жобасы аясында «Bazis Construction» ЖШС мердігерлік ұйымы салуда.

Құрылыс биыл маусымда басталды және бүгінде бірқатар жұмыс аяқталды. Мектепті 2024 жылдың соңында пайдалануға беру жоспарлануда. Жоба бойынша 326 орынды зал, 4 спорт залы, бастауыш сынып оқушыларына арналған 2 шағын спорт зал қарастырылған. Бастауыш сынып оқушылары үшін кіру бөлек болады. Қала басшысы тұрақ аймағы мен айналма жолдарды салу үшін қосымша жерлерді сатып алу мәселелерімен шұғыл түрде айналысуды тапсырды.

Алмалы ауданындағы оқушы орындарының тапшылығы жағдайы салыстырмалы түрде жақсы: оқушылардың жалпы контингенті 37 мың оқушыға шаққанда орын тапшылығы 1 мыңнан сәл асады. Бүгінде ауданда 42 білім беру ұйымы бар, оның ішінде 29 мектеп мемлекеттік және 13 – жекеменшік мектеп бар.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасын Қазақстан Үкіметі 2022 жылы Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Жолдауын жүзеге асыру үшін қабылдаған болатын. Жобаның басты мақсаты – апатты нысандарды, үш ауысымды оқытуды және орта білім беру ұйымдарындағы оқушы орындарының тапшылығын жою.

2025 жылға қарай Алматыда 37 100 орынды 22 жаңа мектеп ашылады. Әкімдіктің жобалық кеңсесінің ақпараты бойынша, жаңа форматтағы мектептердің басым бөлігі Алатау және Наурызбай аудандарында салынады – 5 оқу орны. Бостандық ауданында – 4 мектеп, Түркісіб ауданында – 3, Әуезов ауданында – 2 мектеп, ал қалған аудандарда – бір мектеп салу жоспарлануда.

«Жайлы мектептерде» барлық білім алушы үшін қолайлы жағдай жасалады, оның ішінде есіктерді автоматты түрде бұғаттаумен кіру және шығуды бақылау жүйесін, Face ID және QR-кодтарды енгізу жоспарлануда. Оқу орнының әкімшілігі нақты уақыт режимінде бүкіл ғимарат пен мектеп аумағындағы жағдайды қадағалап отыру үшін міндетті түрде бейнебақылау жүргізіледі.

Ерболат Досаев балаларды оңалту орталығын ашу үшін «Түркісіб госпиталі» ғимаратын қайта құру жобасын аяқтауды тапсырды. Алматы қаласының әкімі Алмалы ауданындағы жұмыс сапары аясында 1950 жылы салынған бұрынғы теміржол госпиталінің қараусыз қалған ғимаратын қайта жаңарту жобасымен танысты, онда ауысымда 250 адам қабылдайтын қалалық балалар оңалту орталығын ашу көзделген.

Қала басшысына «Жетісу-Сәулет Құрылысы» ЖШС әзірлеген жоба таныстырылды.

«Біз қаланың тарихи орталығындамыз. Заманауи материалдар мен жаңа технологияларды қолданып, архитектуралық келбетті ескере отырып, жобаны әзірлеу қажет», – деп, қала әкімі ұсынылған жоба қазіргі заманғы оңалту орталығының талаптарына сай келмейтінін айтты. Компанияға биыл жыл соңына дейін түзетулер енгізу және аяқталған ЖСҚ жобасын таныстыру тапсырылды. Құрылыс

жұмыстары сараптамадан өткеннен кейін 2024 жылдың мамырына басталады деп жоспарланған.

Алмалы ауданының әкімі Айдар Жакыбаевтың айтуынша, жақын маңдағы үйлердің тұрғындары қараусыз қалған ғимаратқа алаңдаулы. Осыған байланысты мегаполис басшысы Ерболат Досаев құрылыс басқармасына цифрландыру басқармасымен бірлесіп, нысанды пайдалануға бергенге дейін бейнекамералар орнату және қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін қараусыз қалған ғимаратты қорғауды күшейту сынды уақытша шаралар қабылдауды тапсырды.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ақпаратына сәйкес, орталық тірек-кимыл аппараты аурулары, балалардың церебральды сал ауруы, бас және жұлын жарақатынан кейінгі жағдай, Даун синдромы, жүрек және эндокриндік жүйе аурулары бар 18 жасқа дейінгі балаларды кешенді оңалтуға арналған. Орталықта оқу-тәрбие және психологиялық көмек бөлімшелері және медициналық-оңалту, 114 орынды стационарлық бөлімше, күндізгі стационар жұмыс істейді.

Әйтеке би көшесін 142 метрге ұзарту аяқталды

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданын аралау барысында Әйтеке би көшесі – Байтұрсынов көшесінен Досмұхамедов көшесіне дейінгі жолды ұзарту жұмыстарының барысымен танысты.

Бұдан бұрын ағымдағы жылдың мамыр айында Алмалы ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының басшысы Әйтеке би көшесін ұзарту жоспарын айтқан еді. Құрылыс көше-жол желісінің жүктелу деңгейін төмендету, сондай-ақ ауданның көлік инфрақұрылымын дамыту қажеттілігінен туындады.

2023 жылдың маусым айында «АлматыДорстрой компаниясы» ЖШС мердігерлік ұйымы қалалық мобильділік басқармасының (КМБ) тапсырысы бойынша Әйтеке би көшесі – Байтұрсынов көшесінен Досмұхамедов көшесіне дейінгі жолдың құрылысын бастады, ол 2023 жылдың қазан айында жол жұмыстары жоспарға сәйкес мерзімінде аяқталды.

Қалалық мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев Алматы қаласының әкіміне объектіні уақытылы пайдалануға беру туралы есеп берді. «Инженерлік коммуникацияларды қайта құру жүргізіліп, сыртқы жарықтандыру орнатылды. Сондай-ақ, жол белгілерін жасау, орнату жұмыстары аяқталды. Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Әйтеке би көшесінде көлік тек оң жаққа қарай қозғалатын болады. Батыс бағыт бойынша жүретін кезде тиісті жол белгісі орнатылады, тікелей, солға және оңға жүруге болады», – деді КМБ басшысы.

Көліктік қызмет көрсету сапасын арттыру, ЖКО деңгейін қысқарту және автомобиль көлігінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында қалалық мобильділік басқармасының тапсырысы бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде.

РАДИАЛДЫ ЖОЛДАРДЫ ҰЗARTY:

– Саин көшесі Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін жалпы ұзындығы 11 км, оның ішінде 7,8 км пайдалануға берілді және 3,2 км құрылыс жүргізілуде, жұмыстардың аяқталу мерзімі – 2024 жыл;

– Рысқұлов даңғылы Ф.Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін ұзындығы 2,3 км. Жұмыстарды аяқтау мерзімі – 2025 жылғы желтоқсан;

– Абай даңғылы Б.Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін. Оның жалпы ұзындығы 5,3 км құрайды, оның ішінде 4,7 км пайдалануға берілді. Құрылыс-монтаж жұмыстары 2024 жылы басталады, ал 2024 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда;

– Тілендиев көшесі Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін. Жалпы ұзындығы – 10,5 км. ЖСҚ әзірлеуді аяқтау мерзімі – 2024 жылғы желтоқсан;

– Солтүстік айналым көшесі қала шекарасына дейін. Жалпы ұзындығы – 1,2 км. ЖСҚ әзірлеуді аяқтау мерзімі – 2023 жылғы желтоқсан.

ІШКІ МАГИСТРАЛЬДЫҚ КӨШЕЛЕРДІ ҰZARTY ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ:

– Төле би көшесі Ясауи көшесінен қала шекарасына дейін жалпы ұзындығы 4,5 км. Жұмыстар жер учаскелерін сатып алуға қарай жүргізілетін болады;


– Қажымұқан көшесі Назарбаев даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейін. 1 кезек – Сейфуллин даңғылынан Жамақбаев көшесіне дейін, Алдар көсе көшесін реконструкциялау. Жалпы ұзындығы 0,24 км. Жұмыстар 2024-2025 жылдарға жоспарланған;

– Жұбанов көшесі Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін. Мердігерлік ұйымды айқындау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізілуде, оның жалпы ұзындығы 3,9 км. ҚМЖ бойынша жұмыстарды аяқтау 2027 жылғы желтоқсанға жоспарланған;

– Мұқанов көшесі Райымбек даңғылынан Мақатаев көшесіне дейін. ЖСҚ әзірленуде, жалпы ұзындығы 0,6 км. ҚМЖ 2024 жылы бастау жоспарлануда.

Бетті дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматының «Достық»
ықшамауданындағы

22 көшедегі
кәріз желілері 2024 жылдың соңына
дейін жаңғыртылады.



Ганди саябағына күн сайын

2 мыңнан
астам адам келеді.



Әуезов ауданының аумағында
барлығы 11 мемлекеттік
медициналық ұйым жұмыс
істейді, оларға

261,1 мың
адам тіркелген.



Әуезов ауданындағы

4 учаскеде
сумен жабдықтау және су бұру
желілерін жаңғырту қажет.



40 жыл бұрын салынған
сорғы станциясы

553-тен астам
абонентті сумен
қамтамасыз етеді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



КИНО

«BURKIT»

ҮЛКЕН ЭКРАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Алматыда «Burkit» экшн-фильмінің премьерасы өтті. Фильм ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тапсырысы бойынша «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» көмегімен түсірілді.



Туынды желісіне арнайы жасақта кызмет ететін үш жауынгердің достығы арқау болады. Олардың күнделікті міндеті – қауіпті қылмыстық топтарға қарсы тұру. Сюжет бойынша сондай қылмыстық топқа қарсы текетіретін бірінде үш жауынгердің достығы сыналады.

– «Бүркіт» фильміндегі негізгі тақырыптардың бірі – арнайы күштердің символына айналған «күрең берет». «Күрең берет» бас киіміне ие болу екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл сынаққа мен деген жауынгердің өзі ойла-нып барады. Мемлекет қауіпсіздігі мен бейбіт тұрғындардың өміріне қауіп төндіретін қылмыскерлерге тойтарыс беру осы арнайы мақсаттағы бөлімше сарбаздарына жүктелген. Фильмнің түсіріліміне арнайы жасақ, әскери техника мен авиация, сондай-ақ екі жүзден астам мерзімді әскери қызметші қатысқан. Жедел-ізвестіру шаралары арқау болған картинаның кейбір эпизоды шынайы оқиғаларға

негізделген, – деді фильм режиссері Данияр Ибрагимов.

Айта кеткен жөн, «Burkit» – режиссер Данияр Ибрагимовтың дебюттік фильмі. Ол бұған дейін отандық «Алтыншы пост» және «Қазбат» әскери экшн-фильмдерінің продюсері болған.

Басты рөлдерді танымал актерлер – Дәурен Серғазин, Санжар Мәди, Асылхан Төлепов, Гүлнәз Жоланова, Әсел Сағатова, Жандос Айбасов және Азамат Сатыбалды сомдайды. Актерлық құрам түсірілім жұмыстарына кіріспес бұрын бірнеше апта бойы жауынгерлік қимылдарды үйренді. Тіпті, басты кейіпкерлерге бір мезетте 3 мың метр биіктіктен тікұшақтан парашютпен секіруге тура келді. Ал бұл кадрды түсіру үшін операторлардың өздері де парашютпен секірді. Туынды авторларының басты мақсаты – кинокартинаның кейіпкерлері арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті, достық пен патриотизмді, әскери антқа және қызметтік міндетке деген адалдықты дәріптеу.

ТРАГИКОМЕДИЯ



«ОЙЫННАН ОТ ШЫҒАР»

М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрында белгілі драматург Д.Кобурнның «Ойыннан от шығар» трагикомедиясының премьерасы өтті. Қойылым режиссері – Е.Аманшаев және А.Кәкішева.

Американың белгілі драматургі Дональд Кобурнның актерлік ойындарға ерекше мүмкіндік ашатын «Ойыннан от шығар» трагикомедиясы әлем театрларында көп сахналанған.

– Әрқайсымыздың бір эгоизм, эголарымыз, өзімшілдігіміз бар. Бірақ біз оны көрмейміз де, содан осындай бір неше түрлі катастрофаларға ұшыраймыз. Осы жөнінен келгенде бұл спектакль өзекті. Өмірге қазір тіпті қажет деп ойлаймын. Өйткені, адамдар өзінің кім екеніне бет бұрып қарауы керек, – деді режиссер Алма Кәкішева.

Пьеса осыдан 12 жыл бұрын «Жынойнак» деген атаумен сахналанған. Ол кезде кейіпкерлерді аға буын актерлер ойнаған еді. Жаңа нұсқада Веллердің рөлін актер Асылбек Боранбай, Фонсияны жас актриса Жанаргүл Жанаманова сомдады.

Драма оқиғасы қарттар үйінде өтеді. Тағдыр айдауымен осында тұрып жатқан Веллер Мартин мен Фонсия Дорсидің әрқайсысының өткен жеке өмірі, өз бастарына жетерлік драмасы бар. Ал олардың қазіргі ортақ ермегі – карта ойнау. Джин ойынынан алдына жан салмаған Веллер Фонсиядан ұтылады. Бір емес, бірнеше рет оңбай ұтылады. Тұла бойын қызғаныш оты кернейді. Қызғаныш-әзәзіл оған тіпті билігін жүргізе бастайды, тыныштығынан айырады. Драма шиыршық атқан сайын кейіпкерлердің жан қасіреті, жан жегісі тереңдей түседі... Оқиғаның бәрі көрерменді өзіне баурап алатыны рас. Оның жетістігі де осында болар.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

ҚАНАТҚАҚТЫ ТУЫНДЫЛАР



«ШЫРАҚ» ЖАНҒАН КҮН

Алматыда I Республикалық Жастар театрлары фестивалі басталды

Алматыда тұңғыш рет I Республикалық Жастар театрлары фестивалінің шымылдығы ашылды. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры еліміздің театр әлеміндегі жас режиссерлерінің жетістіктерін насихаттап, олардың кәсіби әлеуетін арттыру мақсатында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен осы үлкен іс-шараны қолға алған болатын.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Еңселі театр алдында, ашық аспан астында өткен ашылу салтанатына жастарға тілеулес Есмұқан Обаев, Нұрқанат Жақыпбай, Талғат Теменов, Әубәкір Рахимов, Қуандық Қасымов, Гүлсина Мирғалиева, Мұрат Ахманов сынды театр майталмандары да бой көрсетті.

Жастың аты – жас, оларға әсемдік, сұлулық, ашықтық, жарқ-жүрк әлем тән. Олар әсем әуендер үнімен, жарқыраған шамдардың астында заманауи би билеп, қызыл кілемнің үстімен сән-салтанатпен жүріп келді. Фестивальдің ашылуы сәтінде Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

I Республикалық Жастар театрлары фестивалінде кәсіби мамандардан құралған сарапшылар кеңесі еліміздің түкпір-

түкпірінен 30-дан астам өтінім жіберген жас театрлар ішінен 8 спектакльді іріктеп алып, нәтижесінде қойылымы үздік деп танылған 8 жас режиссер осы кеште марапатталды.

Атап айтқанда, Гүлнәз Балпейісова, Мейрам Хабибуллин, Антон Зайцев, Әлібек Өмірбекұлы, Шағуан Үмбетқалиев, Анна Цой, Әридаш Оспанбаева және Шыңғыс Жақыпбай сынды 35 жасқа дейінгі режиссерлер арнайы диплом және 1 млн теңге көлеміндегі сертификатқа ие болды, құшақтары гүлге толды. Фестиваль жеңімпаздары марапатталған соң, бағдарлама «Құлагер» спектаклімен (реж. Ф.Молдағали) жалғасты.

Енді осы үздіктердің қойылымдары 6 қарашаға дейін Алматы театрларында сахналанатын болады. Нақтылап айта кетсек, 2 қарашада – «Я есть» (реж. А. Зайцев), «Қарагөз» (реж. Г.Бал-

пейісова), 3 қарашада «Шырақ» (реж. Ш.Жақыпбай), «Кассандра таңбасы» (реж. Ә.Оспанбаева) спектакльдері қойылды. Ал бүгін, яғни 4 қараша, сағат 15.00-де – «Ричард III» (реж. М.Хабибуллин, Ғ.Мүсірепов театрында), сағат 18.00-де «Қыз Жібек» (реж. Ә.Өмірбекұлы, М.Әуезов театрында) сахналанса, фестивальдің соңғы күні 5 қарашада сағат 11.00-де – «Қобыланды» (реж. А.Цой, Ғ.Мүсірепов театрында), сағат 18.30-да «Алғашқы ұстаз» (реж. Ш.Үмбетқалиев, Ғ.Мүсірепов театрында) көрермен назарына ұсынылады.

Ұлттық және әлемдік мәдениеттің құндылықтарын үйлестіре отырып, театр айдынында жүзіп келе жатқан жас режиссерлерге шабыт беруді, олардың әлеуетін арттыруды көздеп, тұңғыш рет өткізіліп отырған I Республикалық Жастар театрлары фестивалінің шымылдығы 6 қарашада ресми жабылады.

Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық драма театры, Шымкент қаласындағы «17» жастар театры және тағы басқа да өнер ұжымдарының үздік қойылымдарын көруге асығыңыз!





БІЗДІҢ СҰХБАТ

ТҮРКІ ӘЛЕМІ АТАЖҰРТТЫ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

Дүние жүзіне белгілі мұралар көпті таңдандырады. Зәулім Вавилон бағы, Рим империясынан қалған Афинадағы түрлі қорғандар, Еуропаның ескі қалалары, түрлі мүсіндер – бәрі-бәрі ғажап. Әлемнің 7 кереметін тағы қосыңыз. Бұл жер шарындағы адамзат өркениеті мен мәдениеті тудырған көркем өнер саналады. Ондай ғажап әр ұлтта бар. Ғаламды аралап, әр нәрсеге таңғалудан танбайсыз. Есті адамға осындай құндылықтар өз елімізде бар ғой деген ой келеді. Бұрынғы кеңестік жүйе колонизация қамытын киген елдерде ешқашан рухани жәдігерлер болмаған құсап көрсетті. Алайда, уақыт өте келе, бұл жаңсақ пікір екендігі дәлелденді. Посткеңестік елдер әлемдік ұйымдарға мүше болды. Өз-өзін таныта



ОҒЫЗ мырзамен сұхбат құрған едік.

түсті. Осы және өзге де тақырыптар төңірегінде, орайлы сәтті пайдаланып, UNESCO істері жөніндегі Түркия ұлттық комиссиясының төрағасы, фольклортанушы-ғалым Озал

UNESCO – бірегей ұйым

– Озал бей, өзіңізбен кездескенімізге қуаныштымыз. Алдымен UNESCO жұмысына тоқталсаңыз. Бұл қандай ұйым, немен айналысады?

– UNESCO – Біріккен Ұлттар Ұйымының негізінде құрылды. Бұл ұйымның негізгі функциясы – материалдық емес, мәдени құндылықтарды, тарихи көне ескерткіштер мен білім, ғылым, мәдениет және т.б. дүниелерді сақтауға атсалысу.

1945 жылғы Екінші дүниежүзілік соғыстан соң дүниеге келді. Яғни сырт әлемде қыркысу түгесілген тұста, санадағы мәдени төңкерісті қалыпқа келтіру қажет болды. Сондықтан бейбітшілікті қорғап, ұстап тұру керек еді. Құрылған кезінен бастап бүгінгі күнге дейін өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Басты бағыты – білім, ғылым және мәдениет маңайында ұйымға мүше елдердің басын қосып, талай игі іске арқау болу. Сол заманда бір аксиома ортаға шықты. Яғни әрбір жанға білімді қолжетімді ету жағы басты назарға ілінді. Демек, оқу-жазу сауаттылығы үйретілсе, алмайтын асу болмайды. Білім жаппай баршаға қолжетімді болса, экономика да қарқын алады. Ал мәдениеттер өзара танысып бірлесе түссе, ой-сана жақындығы туады дегенді аңғартса керек.

Жер бетіндегі барлық рухани моральдік қажеттіліктен сол кезден бастап бір орталыққа бірлесіп, ойласып іске асырылып жатыр. Жалпы, адамзаттық құндылықтарға не керек болса, соны қанағаттандыруға UNESCO зор ықпал етіп тұр.

ТҮРКСОЙ мәдени дәнекер болып тұр

– Түркі халқы UNESCO ұйымына қай кезеңнен бастап араласа бастады?

– Бірегей ұйым әлемнің 6 тілінде істерін жүргізеді. Дәлірек, ағылшын, испан, француз, орыс, араб және қытай тілдерін қолданады. Соның аясында әлгінде айтқанымдай, әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғауға бейімделген. 1954 жылы қарулы қақтығыстардан мәдениет мирастарды қорғап қалу жөнінде құжат бекітілді. Одан кейін кейбір музейлер, түрлі мәдени орталықтар, құнды тарихи дүниелердің қолдан-қолға өтіп, пұлданып кетпеуін қадағалайтын болды. 1972 жылы археологиялық қазба орындары, көне діни орындар, көпірлер, тарихи ескерткіштері, табиғи мұраларды қорғауға байланысты конвенция қабылданды.

2001 жылы су астында қалған жәдігерлерге назар аударылды. Теңізге батқан кемелер немесе ескі қаланың орны болса да назардан тыс қалмайтын болды. 2003 жылы материалдық емес мұралар тізіміне ертегі, хикая, аңыз-әфсана, халық мифологиясы, ұлттық асхана, зерттеу саласы және т.б. қамтуды қолға алынды. 2005 жылдан мәдени құндылықтарды индустрияландыру қолға алына бастады.

Нақтырақ, мультфильм, кино, деректі фильм жинақтау, осы бағытта кітап, журналға мақала жазу жағы іске асырылды. Осы істерді көріп-біліп Түрік халықтарының да өзіндік ерекшеліктері бар екендігі және оны сол тізімге енгізу жағына көбірек талпыныс жасалды. Якутиядан Шувашияға, Еуропадан Азия тарапына дейінгі аралықта әлі де ашылмаған тың мәдениет бар. Осыған бүгінгі таңда түрік ұлыстарының арасындағы дәнекер, ол – ТҮРКСОЙ. Осының негізінде

сонау Балқан түбегіндегі болсын, аталған аумақтардағы ортақ түрік құндылықтарын қорғау іске асып жатыр. Бұл арада Қорқыт ата жыры, Қожанасыр хикаялары, тоғызқұмалақ ойындары сияқты толып жатқан рухани дүниелеріміз танылып келеді. Бұл – ортақ құндылық.

Мұның бәрі UNESCO ұйымына ұсынылып, олар мұны адамзатқа ортақ құндылық ретінде көріп отыр. Заттай деректер, үлкен-үлкен ғимараттар бар. Соның ішінде ерекше қорғауға жататындарын қорғау қажет. Бұл тараптан алғанда Түркия ағаштан құрылған мешіттер мұрасын ұсынды.

Бүкіл Түркістан аумағындағы, яки түрік дүниесіндегі мешіттердің біразы ағаштан құрылған. Міне, осыны құрып кетуден аман сақтау маңызды. Бұл да ортақ жоспар ретінде ұсынылды.

Мәдени мұраларды бірлесіп сақтауға болады

– Орта Азиядағы түркі елдері UNESCO ұйымымен етене жақын болуы үшін не істеу керек?

– Бүгінде дербестік алған түркі мемлекеттерінің құрылғанына 32 жыл толды. Осы 33 жылдық тәуелсіздік кезеңінің арғы-бергі уақытын санағанда, БҰҰ мүше болғандықтан, UNESCO жұмыстарына белсенді қатысып келеді. Интеграция жобаларына Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Әзербайжан өз өлкесінің мәдени құнды жауһарларын көрсету, енгізу, ғаламға мәшһүр етуге талпынып жатыр. Бұл бағытта атқарылған істер де толағай. Біршама тарихи дүниелерін ұйымға мұра ретінде қабылдатты.

Біз UNESCO істері жөніндегі Түркия ұлттық комиссиясы деген жүйе құрдық. Соның шеберінде жанадан табылған мирастарымызды бірлесіп ұсынуға, сақтауға жол ашылды. Ендігі кезекте әркім өзінің болашақ ұрпағына материалдық және материалдық емес мұраларын үйретіп, сақтап, бірлесіп дамытуына мүмкіндігі мол.

Түркі елдері үшін визасыз режим енгізілу керек

– Түркі дүниесінің бірлесуі аса маңызды ма?

– Әуелі «бірлесу» сөзіне зер салайық. Бұдан не аңдай аламыз?! Осы маңыздырақ. Бірлесу деген тек бір байрақ, тек бір мемлекет мүддесіне топтастыру болса, онда ол – саясат. Ондай жағынан түсінуді мен қолдай алмаймын.

Біз мына жағынан ұғынып көрейік. Егер экономикалық ықпалдастық артса, ата-тегіміздің бір екендігіне қарай аса мән берілсе, Атажұрттағы үйретілген білім, Анадолыға кәдеге жараса, алыс-беріс, барыс-келіс күшейсе, нұр үстіне нұр. Біздер жүріп өткен тарихымыздың түбі бір арнаға тоғысады. Зер салсақ, осы арада аман-саулықта өмір сүру, қауіпсіздікті бірлесіп қорғау, «досқа күлкі, дұшпанға таба болмау» тұсын да, бәріміз қаласақ өзара ықпалдастықты одан әрі нығайтуға болады.

Еуропа одағының елдері сияқты түркі елдерінің арасында көптеген жеңілдіктер жасай аламыз. Түркі елдерінің бірлесіп



визасыз режим, бір құжатпен бүтін түркі халықтары емин-еркін қатынас жасаса дейміз. Ешқандай құжаттық кедергісіз білім алу, туыстық қатынастарды нығайту, экономика, мәдениет жақындасса екен. Әрине, әр түркі мемлекеттерінде өзінің дербестігі сақталуы тиіс. Дәп біз айтқанымыз дұрыс, соңғы байлам деп, қазық қып қағып, шегелеп тастаудан аулақпыз. Дейтұрғанмен, игі іс бәрімізге шарапатын тигізері анық.

Әрбіріміздің байлығымыз – рухани үндестік

– Сіз ашқан «Түрік халық білімі» дәрісін бәрімізге оқытып үйретуге бола ма?

– Әлбетте! «Түрік халық білімі» дәрісінің бір методологиясы бар. Бүгінгі қоғамның аяқ алысына да қарайды. Түрік, қазақ, өзбек, қырғыз, әзербайжан, түрікмен халықтарының культурология түсіндірмесін ұғындыра аламыз. Соның арқасында мәдениет жақындастығына тікелей жол саламыз. UNESCO ұйымының негізгі мақсат-мұраты да сол. Инновациялық өзгерістер, онда бар жаңалықтың мұнда бірлесіп дамыту сынды толып жатқан істерді бірге жасай аламыз. Қазақстанның мәдени жақындасуға байланысты 2013–2022 жылдар аралығындағы тиімді 10 жылдық бағдарламасы жасалған-тұғын. Мұндай ықпалдасулар бір-біріміздің бауырластығымызды күшейтеді. Сондай-ақ, біз дүние жүзінде мәдениеттің ықпалдасқанын қалаймыз. Түркі елдері рухани үндесе түссе екен.

Ортақ медиа қажет

– Бауырлас елдердің ортақ алфавит жасау идеясына қалай қарайсыз?

– Егер осыған бәрі бірдей қолдау білдіріп, ортақ алфавит керек деп тапса, онда істеуге болады. Мәселен, Қазақстаннан шығарылған газет-журнал, кітап, мақала Түркияда сатып алып оқуға жағдай жасалса, сол сияқты Түркменстан, Әзербайжан және т.б. оңтайластырылса, баршаға ыңғайлы болмақ. Бұл экономикалық қолайлылық, одан соң мәдениет ағарту ісінің жолға қойылуы, алыс-берістің артуын көрсетеді. Әр саланың өзара бірлескенінің нәтижесі бақытқа жетелейді.

Мүмкін ортақ медиакеністік, теледидар болса жақсы болар еді. Адамдардың келіп-кетіп оңай саяхаттауына жол ашылса, жалпы жақсы істің бәріне құба-құп.

Бірлескен жобаларды көбейтейік

– Жастар арасында бірлескен жобалар қажет пе?

– Бұл да жақсы ұсыныс. Мұндай жобалар UNESCO-да бар. Өз кезегінде ТҮРКСОЙ да бұл жөнінде біраз шаруа атқарып келеді. Университет арасында да жекелеген ықпалдасуды байқаймыз. Лицей оқуларын іске асырып, түсіндірсек болады. Негізі, бәріміз бірлесіп конференция, «дөңгелек үстел» сияқты тұрақты мәдени үлкен жиын жасап тұруымызға болады.

Атажұртты әрдайым құрметтейміз

– Қазақстан жайында ой-пікірлеріңізбен бөліссеніз...

– Қазақстанда көп болдым. Астана мен Алматыға да барып тұрдым. Ол жақта дәріс те бердім. Көп саяхаттадық. Өз Отаным сияқты сүйемін. Қазақ жері біздің атажұртымыз. Досымыз, бауырымызды жақын тартамыз. Scopus Milli Folklor журналымыз бар, соған да көптеген қазақ ағайындардың мақаласы келіп жатыр. Арасынан журналымызға сай келгенін жариялап та жүрміз.

Алматы сөзіне тоқталып өтейін. Бір қызық ойыммен бөлісейін. Біздің Анталияның да сондай мағыналас ауданы бар. Қорыта айтқанда, рухымыз бір халықпыз.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.
ТҮРКИЯ, АНКАРА.





«ЖАЙЛЫ ОРТА»

БОС ЖАТҚАН ЖЕР
АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Тұрғындар дән риза

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

МЕДЕУ АУДАНЫ. Бос жатқан алаңға 180 шаршы метр болатын жаңа балалар және спорт аймақтары салынды. Сазановская көшесіндегі жеке секторда тұратын тұрғындар бұған дейін әкімдіктен балалар үшін ойын алаңын, ал ересектер үшін спорттық тренажерлер орнатуды сұраған болатын.

Бұрын бұл жерде жақын маңдағы үйлердің тұрғындары өткеншектен мен орындықтар орнатқан бос жер болған. Уақыт өте келе балалар көбейіп, ойын алаңына деген қажеттілік артты.

Жоба биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асып отыр. Ойын кешендері, спорттық тренажерлер, орындықтар мен урналар орнатылды. Көше бойында алаң қоршалған.

Медеу ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша биыл барлығы 44 жоба қолға алынған. Қазіргі күні 22 жобаның жұмысы аяқталды, қалғаны осы жылдың қараша айының соңына дейін аяқталады.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ. Төрт алаңда ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды. Қабанбай батыр көшесі, 137-үй ауласында ойын алаңдары мен заманауи тренажерлер салынды.

Қарағайлар мен бұталар отырғызылып, жаңа орындықтар қойылды. Қазыбек би көшесі, 85 мекенжайындағы алаңда жарық желісі жөнделді. «Қала орталығында тұрсақ та, аулада бос жер бар еді, жасыл желектер жетіспеді. Қазір әдемі көгал жасалып, жаңа тамаша ойын алаңы пайда болды. Негізі бұл ағымдағы жөндеу, бірақ меніңше, күрделі жөн-

деуге ұқсайды. Бұл үшін көп рахмет. Адамдар біздің аулаға таң қалып, қызығып жүр», – дейді осы үйде 30 жылдан астам уақыттан бері тұратын Гүлмира Дугашова.

Шағабутдинов көшесі, 171 мекенжайында да балаларға арналған жаңа шағын сәулет нысандары бой көтерді. Биыл Алмалы ауданында 33 аула жөнделді. Қазір 11 мекенжайда жұмыс жүріп жатыр. Ағымдағы жөндеу барысында жыл соңына дейін 50 аула жаңартылмақ.

Әр ауланың реконструкциясы әртүрлі. Бастысы, тұрғындардың тілегі ескеріледі. Мұның барлығы қала тұрғындарының бос уақытын жайлы өткізуі үшін жасалып отыр.

Алматы қаласында барлығы 3231 аула бар. Оның 380-інде жыл соңына дейін күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталады.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ХҚО МЕКЕНЖАЙЫН
УАҚЫТША ӨЗГЕРТТІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының Көші-қон бөлімі азаматтарды 2 қарашадан бастап уақытша, Жетісу ауданы, «Құлагер» ықшамауданы, Серіков көшесі, 6 А мекенжайы бойынша қабылдайды.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін Көші-қон қызметтері Түркісіб ауданы, «Қайрат» ықшамауданы, 181 («Жетісу-Жетісу» СО) мекенжайы бойынша көрсетілген болатын.

Жұмыс кестесі: дүйсенбі-жұма күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Азаматтарды бұрынғы мекенжай бойынша қабылдауды қайта бастау туралы қосымша хабарланатын болады.

Нұр ЖАМАЛ.

КЕЗДЕСУ

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, 2023 жылдың қазан айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен 8 кездесу өткізді.

Кездесуге барлығы 83 көпбалалы ана келді. Кездесу барысында 91 сұрақ көтерілді. Оның 57-сі бойынша түсініктемелер берілді, кездесулерден кейін 20 сұрақ пысықталды, қаралып жатқаны – 14.

Көпбалалы аналардың негізгі мәселелері: тұрғын үй алу тәртібі (кезекке қою) – 17 (19%); білім (балаларды мектепке және балабақшаға орналастыру, мектеп формасы, «Art.sport») – 16 (18%); денсаулық сақтау – 5 (5%); әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жиынтықтары) – 11 (13%); ТКШ және абаттандыру (газ қосу, сумен жабдықтау және су бұру) – 4 (4%); жұмысқа орналастыру және бизнеске арналған гранттар – 3 (3%); басқа мәселелер – 35 (38%).

Қала әкімі аудан әкімдерімен және Алматы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасымен келісілген 2023 жылғы қарашаға аудан әкімдерінің қаланың көпбалалы аналарымен кездесулерінің тиісті кестесін бекітті.

Еске салсақ, бұған дейін көптеген өтініштерге байланысты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан әкімдерінің көпбалалы аналармен ай сайынғы кездесулерін ұйымдастыруды тапсырған болатын.

ҚАУІПСІЗДІК



ТАМАҚ САПАСЫ БАҚЫЛАУДА

206 мектептің асханасына
бейнебақылау орнатылды

Мектептерде оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту – өзекті мәселе. Білім саласындағы бұл жүйелі жұмыс Алматыда қалай жүзеге асырылуда?

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау мен нығайтудың ең өзекті мәселелерінің бірі оларды сандық және сапалық жағынан физиологиялық және гигиеналық талаптарға жауап беретін дұрыс тамақпен қамтамасыз ету болып табылады.

Оқушыларды дұрыс әрі сапалы теңдестірілген тамақпен қамтамасыз ету үшін Алматыда ведомствоаралық сараптама тобы құрылады. Ол қала мектептерінде тамақтанудың сапасы мен тиімді ұйымдастырылуына жүйелі мониторинг жүргізеді. Бұл туралы басқарма басшысы Ләззат Жылқыбаева хабарлады. Кестеге сәйкес, күнтізбелік жыл ішінде білім беру саласының қызметкерлерінен, аудан әкімдерінен, депутаттардан, ата-аналардан және Қазақ тамақтану академиясының өкілдерінен тұратын комиссия өкілдері қаланың барлық білім беру ұйымын аралап шығады.

– Асхананы жалға алушыларға бейнебақылау камерасын орнатуды міндеттеу үшін қазір білім беру ұйымдарының басшыларына тапсырма берілді. 206 мемлекеттік мектептің асханасына ка-

мералар орнатылған (қалада барлығы 215 мемлекеттік мектеп бар). Бұл ведомствоаралық комиссияға кез келген уақытта балаларға арналған тағамдардың қалай дайындалатынын көруге мүмкіндік береді. Бүгінде орта білім беру ұйымдарында тамақты 85 жалға алушы қамтамасыз етеді. Қызмет көрсетушіні білім беру ұйымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы бұйрығына сәйкес конкурстық негізде таңдайды. Сонымен қатар, соңғы уақытта жергілікті бюджеттен мектеп асханасының материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін қаражат бөлініп отыр, – деді Білім басқармасының басшысы.

Естеріңізге сала кетейік, Алматы қаласы әкімдігінің шешімімен 2022–2023 оқу жылының 1 қыркүйегінен бастап мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының 1–4-сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. 2023 жылға арналған жалпы бюджет жергілікті бюджет есебінен 20,4 млрд теңге болды. Халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балаларды қосқанда, бүгінде 134 мыңнан астам оқушы тегін тамақпен қамтылып отыр.

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАР
әкімдер назарында

Аудан әкімдерінің 2023 жылдың қараша айында көпбалалы аналармен кездесулерінің кестесі:		
Өтетін күні	Уақыты	Орны
Алатау ауданы		
17.11.2023 ж.	Сағат 11.00	Алатау ауданы әкімінің аппараты (Жанқожа батыр көшесі, 26)
Алмалы ауданы		
23.11.2023 ж.	Сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Наурызбай батыр көшесі, 106 А)
Әуезов ауданы		
24.11.2023 ж.	Сағат 09.00	Әуезов ауданы әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23)
Бостандық ауданы		
24.11.2023 ж.	Сағат 10.00	№10 жалпы білім беретін мектептің акт залы (Бұқар жырау бульвары, 50 Б)
Жетісу ауданы		
23.11.2023 ж.	Сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Жансүгіров көшесі, 65)
Медеу ауданы		
19.11.2023 ж.	Сағат 10.00	№53 мектеп-гимназия (Глубокая көшесі, 18)
Наурызбай ауданы		
29.11.2023 ж.	Сағат 11.00	Наурызбай ауданы әкімінің аппараты («Шұғыла» и/а, 347)
Түркісіб ауданы		
22.11.2023 ж.	Сағат 11.00	«Бақытты отбасы» орталығы. (Р.Зорге көшесі, 9)



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫН АРАЛАДЫ

Онда қалалық электр станцияларын жаңғырту жұмыстарының барысы туралы айтылды



Ернұр
РЫСБАЙ

Жұма күні ҚР Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев жұмыс сапарымен Алматыға келді. Сапар барысында Алматы халқымен есеп беру кездесуін өткізіп, онда электр станцияларын жаңғырту, отынмен қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды, сонымен қатар, тұрғындарды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Қазіргі уақытта қаланың электр және жылу энергиясына қажеттілігін Алматы ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 (электр және жылу энергиясын өндіру), Қапшағай су электр станциясы, Каскад су электр станциясы (электр энергиясын өндіру) қамтамасыз етуде.

Орталықтандырылған жылумен жабдықтауға қалған қажеттіліктер негізінен «Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС («АТКЭ» ЖШС) қазандықтарында және басқа да шағын жылу көздерінде өндіріледі. Электр энергиясының жетіспеушілігі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ электр энергиясын тасымалдау және тарату бойынша үлкен энергетикалық жүйе арқылы жабылады.

Осы үш ЖЭО-ның барлығында да қазіргі уақытта жаңғырту және газға көшіру жұмыстары жүргізілуде.

Атап айтқанда, Алматы ЖЭО-1 ауыстыру жобасы жалпы қуаты 225 МВт дейін бу-газ қондырғыларын орнатумен станцияны кеңейтуді көздейді. Жобаны іске асыру 2025–2028 жылдарға жоспарланған.

Алматы ЖЭО-2-де қуаттылығы 557 МВт-қа дейінгі бу-газ қондырғысы базасында қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, станцияны жаңғырту және жаңа станция салу жөніндегі жоба жүзеге асырылуда.

Алматы ЖЭО-3-ті ауыстыру жобасы жалпы қуаты 545 МВт бу-газ қондырғыларын орнатумен станцияны кеңейтуді көздейді.

2026 жылдан бастап ЖЭО-2 және ЖЭО-3-ті газға толық ауыстыру кезең-кезеңімен басталады. ЖЭО-2 өкілдері ЕРС газға ауыстыру бойынша мердігер анықталғанын, жұмыстар басталғанын хабарлады. Белсенді кезең 2024 жылы басталып, 2026 жылдың соңына дейін аяқталады.

Сондай-ақ, 2-ЖЭО-да №3 қазандық пен №1, 2 турбиналарға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. №5 қазандықты күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуда. Жалпы, «Алматы электр станциялары» АҚ бойынша жөндеу науқаны ағымдағы жылдың қараша айының соңында аяқталады. Күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа дайындық паспорты алынды.

Министрдің айтуынша, 2-ЖЭО және 3-ЖЭО-ны газбен қамтамасыз ету, сондай-ақ Алматының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «ҚазақГаз» бірнеше жобаны жүзеге асырып жатыр: Қазақстан-Қытай және Алматы-Байсерке-Талғар магистральдық газ құбырлары арасындағы ТИП-04 көпірінің құрылысы, ЖЭО-2 және ЖЭО-3 үшін АГРС құрылысы. Бұл жобаларды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, газ құбырларына арналған жер телімдерін қайтару аяқталғаннан кейін Алматы-Байсерке-Талғар газ құбырының 2-ші желісінің құрылысын бастау жоспарлануда. Жер телімдерін қайтаруға 11,6 млрд-қа жуық қаражат қажет, оны Үкімет резервінен бөлу жоспарлануда.

Алматыға сапары барысында Энергетика министрлігінің басшысы Алматы ЖЭО-2, «Орбита» ықшамауданы қазандығындағы жылу беру кезеңімен де танысып, азаматтарға жеке қабылдау өткізді.

СПОРТ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

МЕРГЕНДЕР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Оңтүстік Кореяның Чангвон қаласында өткен спорттық атудан Азияның лицензиялық чемпионатына қатысқан Қазақстан құрамасы Алматыға ұшып келді.

Осы жылдың 22 қазаны мен 2 қарашасы аралығында Чангвонда (Оңтүстік Корея) спорттық атудан Азияның лицензиялық чемпионаты өтті. Жарысқа 30 елден 800-ден астам спортшы қатысты. Азия чемпионатының нәтижесі бойынша алдымен Арина Алтухова, одан кейін Константин Малиновский Париждегі (Франция) 2024 жылғы Олимпиада ойындарының лицензиясын ұтып алды.

– Жарыс жоғары деңгейде өтті. Бұл чемпионатқа жақсы дайындалдық. Қолымыздан не келетінін көрсеттік. Жалпы, жарыс алаңында ештеңеге алаңдамай, назарымды тек мылтық пен нысанға аудардым. Сөйтіп, Олимпиадаға жолдама алдым. Бірақ мұнымен жұмыс тоқтамайды, әрі қарай еңбек етеміз, – деді Константин Малиновский.

– Жарысқа моральдық-физикалық тұрғыдан толық дайын болдым. Финалда Олимпиада лицензиясын ұтып, үмітті ақтай алдым деп ойлаймын. Шешуші сайыста 3 үнді, 2 қытай және 2 корей қызы маған қарсылас болды. Мен Қазақстаннан жалғыз болғанымға қарамай, барымды салдым. Жалпы, төртжылдықтың басты жарысына жолдама алу – менің орындалған арманым десе болады. Енді Олимпиадада жеңіске жетуге ұмтыламын, – деді Арина Алтухова.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Азия пара ойындарының жүлдегерлерімен Алматыда баспасөз мәслихаты Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында ұйымдастырылды.



Досбол
АТАЖАН

2023 жылдың 22–28 қазан аралығында Ханчжоуда (Қытай) IV Азия пара ойындары өтті. «Алматы» спорт клубының тоғыз спортшысы Ұлттық құрама сапында жеңіл атлетика, пара таэквондо, пара садақ ату, пара велоспорт, пара жүзу, пара дзюдо бойынша жарыстарға қатысты. Көру қабілеті бұзылған спортшы, пара велосипедші Кенжеғұл Сейітжан ұшқыш Антон Лаврентьевпен жұптасып, 18,5 және 69,5 км қашықтықта 2 қола медаль жеңіп алды. Ал пара дзюдошы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Камила Досмалова күміс медаль алды. Пара жүзуші Кирилл Илюкевич өзінің жеке нәтижесін едәуір жақсартты, бірақ 100 м еркін жүзу стилінде уақыт жағынан аздаған секундтарға қалып, 4-ші орынға ие болды. Жарысқа елімізден барлығы 131 спортшы 14 спорт түріне қатысып, сегіз алтын, 12 күміс және 21 қола медальмен командалық есепте 11-орынға ие болды. Айта кету керек, Азия пара ойындарына 43 елдің спортшылары қатысты. Брифингке қатысқан жаттықтырушылар да, спортшылардың өздері де Азия ойындары жоғары деңгейде өткенін атап өтті.

«Біз Азия ойындарының алдында Алматы облысында және орта таулы аймақта Ыстықкөлде екі жаттығу жасынын өткіздік. Сондай-ақ, Қытайда акклиматизациядан өтуге уақыт бөлінді. Шетінен мықты командалар келді, Қытай командасы, сондай-ақ Оңтүстік Корея, Индонезия құрамалары күшейе түскен», – деп бөлісті велоспорт құрамасының бас бапкері Николай Зайцев.

Өткен жарыстардан алған әсерімен 2023 жылғы таэквондодан Азия пара ойындарының күміс жүлдегері Камила Досмалова бөлісті. Ол спортпен мектепте оқып жүрген кезінен айналысқан.

«Мен спортпен салауатты өмір салтын ұстану үшін хобби ретінде айналыса бастадым. 2016 жылы жаттықтырушы маған жарысқа қатысу мүмкіндігі туралы айтты. Мен сайыс алаңына алғаш рет 2016 жылы Азия чемпионатында шыққан болатынымын», – деп бөлісті ол.



Велоспорт бойынша 2023 жылғы Азия пара ойындарының қатысушысы, спорт шебері Жұлдыз Қайнарова жыл бойы кәсіби түрде пара велоспортпен айналысады. Секцияға 2021 жылы өзін сынап көру үшін келген, сол кезден бастап Жұлдыз жарысқа қатыса бастады, тіпті бірінші орындарды иеленген.

Велоспорттан 2023 жылғы Азия пара ойындарының қола жүлдегері, спорт шебері Антон Лаврентьев жарыста ұшқыш рөлін атқарады. Ол 10 жасынан бастап велоспортпен айналыса бастапты, оның әкесі жаттықтырушылықпен айналысады. Антон халықаралық және еуропалық старттарға қатысып, құрлықтық командалардың құрамында болды. Содан кейін ол 2023 жылғы Азия пара ойындарының қола жүлдегері Кенжеғұл Сейітжанмен бірге пара велоспортта өзін ұшқыш ретінде сынап көрді. Антонның серіктесі – Кенжеғұл Сейітжан зағип спортшылар үшін ұшқыштар еркіндікті, жылдамдықты, ұшуды сезінуге мүмкіндік беретін адамдар екенін айтты. Сонымен қатар, оның айтуынша, пара велоспорттан Қазақстан Федерациясын құру идеясы сонау 80-ші жылдардан басталады.

«2016 жылы біз «Шекарасыз спорт» жобасын құрдық, әлемнің жартысын аралап, жарысқа қатысатын кез келді деп шештік. Сонымен, 2021 жылдан бастап біз әр түрлі турнирлер мен жарыстарға жиі қатысып, федерацияны нығайтып, кеңейту керек деген шешім қабылдадық. Сол жылы біз велоспорттан қысқы және жазғы ұлттық чемпионаттарды өткізе бастадық. 2022 жылы пара велоспорттан ҚР Ұлттық чемпионатында командаға он екі ұшқыш кірді, сол жылдың наурыз айында Мақсат Қадыров екеуіміз командадан барып, пара велоспорттан алғашқы қола медаль алып келдік», – деп бөлісті ол.



ТАҒЫЛЫМ

Алматы жаңа технологиялар орталығына айналып келеді. Цифрландырудың жаңа тәсілдері қолға алынуда. Білім беру, денсаулық сақтау, ақпараттық қауіпсіздік, жалпы алғанда, цифрландыру біздің өміріміздің барлық салаларына қарқынмен енуде. Жаңа технологияны тиімді пайдаланып, түрлі жетістіктерге жетіп жүрген азаматтар баршылық. Осы ретте мегаполистен баптап шығарылған түлектер аз емес. Соның бірі – Мәскеудегі Бауман атындағы жоғары техникалық училищені үздік бітірген, дүниені дүр сілкіндірген атақты «Боран» космос кемесін жасауда жетекші конструктор ретінде атсалысқан, белгілі академик, Бас конструктордың бірінші орынбасары В.Барминнің шәкірті, әрі ассистенті, «Мясищев – Техсервис» ААҚ танкіге реактивті қондырғы орналастыру құпия мекемесінде қызмет еткен қазақтан шыққан тұңғыш ғарыш конструкторы жайлы айтқымыз келеді. Ондағы ойымыз, кейінгі жас жеткіншектер кез келген қиындықты жеңе біліп, оқу-білімге ұмтылып, алдына мәнді мақсат қойса екен деген тілек. Атағы жер жарып бүкіл дүние жүзінің назарын аударып, адамдардың кейбіріне мақтаныш, кейбіріне үрей сезімін тудыратын атақты орбиталық космос жүк кораблін құрастыруға қатысқан «С.Королев атындағы Космос зымырандарын құралдастыратын КБ» атты аса құпия әскери мекемесінің жетекші инженер-конструкторы Оңғарбай Қазыбаев қарапайым қазақтың баласы болатын.



ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШ КОНСТРУКТОРЫ

Аса құпия әскери мекеменің жетекші инженері Оңғарбай Қазыбаев туралы толғаныс

Тоталитарлық тәртіптің сықпыты

Қазаққа бертінге дейін беймәлім болып келген бұл азамат Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген елдімекенімен іргелес Қызылқайыр деген жерде (мен өскен Қаратерң ауылынан небары, 15 шақырым жерде – автор) 1940 жылы 7 маусымда дүниеге келген. Жерлесіміз ғарыш саласының білгірі былтыр 26 ақпанда Ресейде өмірден өткен. Бұл деректер Оңғарбай ағамыздың жиені Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының тұрғыны Бекділдә Әжіғалиұлынан алынды.

Қазыбайдың отбасында ұл дүниеге келген шақта шешесі Рысжанның тәрбиесінде Қымбат, Салиха, Зұлпат атты 9, 4 пен 2 жастағы қыздары бар болатын. Оңғарбайдың әкесі Қазыбай Үдербайұлы (1905 жылы туған) 1940 жылы айдалып кетті. Айы-күні жетіп отырған келіншегіне қарамай, үш бірдей қызын тірідей жетім қылуына – бар кінәсі, молданың алдын көрген Қазыбайдың аруақ алдында мұсылмандық парызын орындап, намазын шығарғаны. «Итжеккенке» айдалған әкесі іште қалған ұлының өмірге келгенін де көрген жоқ. Оңғарбайдың шешесі Рысжан Бейсенқызы соғыс уақытында үбірлі-шүбірлі балаларына жауынгер отбасына бөлінетін жәрдемді «халық жауының әйелі» деген желеумен ала алмады. Тоталитарлық тәртіптің сықпыты, міне, осы.

Талантты оқушыны мұғалімдер өз қалауынсыз орыс сыныбына тіркеді. Оңғарбай Бөгеннен он жылдық орыс класты 1953 жылы бітіріп, 1957 жылы Қазалыдағы темір жол училищесіне құжат тапсырды. Осында Ниязғали жездесіне тұрмысқа шыққан Салиха апасының үйінде жатып, темір жол училищесінде машинист көмекшісі мамандығын «өте жақсы» деген бағамен аяқтаған. Оңғарбайды 1959 жылы жолдамамен Теміртау темір жол депосына жібереді.

Бірде Оңғарбай газет бетінен Мәскеудегі Бауман атындағы жоғары техникалық училищесіне (сол кездегі техникалық жоғары оқу орны) конкурс жарияланғанын оқиды. Орта мектепті орысша оқыған, темір жол училищесін «үздік дипломмен» бітірген Оңғарбай конкурста жарияланған алгебра есептерін шығарып, поштамен жөнелтіп жібереді. Көп ұзамай Алматыдағы мекенжайында «Тіркеуге алдық, енді келіп сынақтан өтесің» деген шақырту қағазын алады. Сол сынақтан ойдағыдай өткен оған: «Алты баланың бірі болып оқуға қабылдандың, енді өзіміз шақыртамыз» деген соң, «студент» атанып, елге келеді.

Рысжан шешеміз үш жетім қыз бен бір ұлға қоса, 1952 жылы Панабек атты ұл тапты. Бөгеннен шыққан сол інісі кейін Алматыдағы поршен зауытында бригадир болған. Өзінің еңбексүйгіштігінің арқасында ұжымға сыйлы болғанын, еңбегі ескеріліп

сол кездегі қазақ жастарының сүйікті басылымына айналған «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне суретімен еңбек жолы жазылған мақала шығып, кейіннен төрт баланың әкесіне зауыт кәсіподақ комитеті Панабекке Алматыдан төрт бөлмелі пәтер бөлген. Ауылдастары «Байнаш» атап кеткен Панабек інісін Оңғарбай кейіннен Алматы-Мәскеу поезына жолсерік етіп ауыстырған. Ондағы ойы, «өзім қызметтен шыға алмасам да, маған бауырым келіп тұрсын» дегені.

Одақтағы ондыққа ілігу

Оқу орнын үздік бітірген Оңғарбай Қазыбаевты атақты академик В.Бармин өз қарамағына ассистенттікке қалдырады. Академик КСРО-дағы космос әлемінің Бас конструкторы С.Королевтің бірінші орынбасары болатын. Аталған адамдар қызметінің құпиялылығы сондай, айға ұшырылған зымыран аспан әлеміне адам емес, ит пен мысық ұшырылса да, конструктор есімі аталмайтын. Ал сонау жағасын теңіз аймалаған ауылдан шыққан қою қалың шашты, арықша, қағілез қараторы жігітті академиктің назарына ілігуі – талантты тани білу.

Бірде ауылға келген Оңғарбай ағамыз жиені сұрап қоймаған соң, өзінің «әскери зымыран қондырғыларын бронды танкіге орнатудағы ерен еңбегі үшін» Патон медалімен марапатталғанын айтқан. Әлбетте, жиен көңілі толмағаны рас... Сөйтсек, бұл медальді Одақта он адам ғана алған екен. Нағашысы сол ондыққа кіріпті. Конструктордың жиені Бекділдә Әжіғалиұлы солай дейді. Расында, Королев атындағы конструкторлар бюросына қабылданып, артынан жетекші конструктор болуы, космостық зымыран қондырғыларын жетілдіру саласына қызмет атқарудың өзі көп нәрсені аңғартқандай.

Оқаңның айтуынша, ғарышкерлер ұшатын күні жақындағанда, бұлардың бөліміне ескертіліп, сұрақ-жауап түрінде кездесу өткізіледі екен. Әңгімелесу кезінде ғарыштағы штаттан тыс жағдайда шығу түрі ғана сөз болып, сұхбат қысқа қайырылатындай. Ғарышкерлердің бірнешеуі келеді екен. Тіпті, қайсысының ұшатыны айтылмайтын, әңгіме осымен біткендей. Тек осы кездесуден үш күннен кейін бүкіл БАҚ ғарышқа адам ұшқанын хабарлап жатады.

«Әлқисса, бірде аса құпия әрі жедел түрде мені шақырып, жолсапарға жіберді, – деп бастады әңгімесін Оңғарбай ағам, «Бір әскери бөлімнің жерасты шахтасында өте қауіпті жағдай орын алып, «Радиация қаупі бар!» (утечка радиаций) деген дабыл қағылған. Бүкіл әскери бөлім соғыс жағдайындай тікесіне-тік тұрды. Дабылдың себебін анықтау үшін жер астына түсу керек, ал аппараттардың радиация көрсету себебін анықтауға жауапты полковник жерасты шахтасына түсуге берілген бұйрықтан бас

тартып, пистолеті мен партбилетін үстел үстіне қойған».

Бұл, әрине, соңынан естігені. Генерал амалсыз Бас штабқа баяндаған. Олар тез арада жетекші конструктордың өзін жіберуге шешім шығарған. Егер олар радиация анықталған жағдайда, «шахтаны жоюға бұйрық береміз» деп ұйғарған. «Мені ұшақпен тез арада жеткізді. Генерал өзі күтіп алып, «бар үміт өзінде» дегендей, жоғарыға жағдайды баяндаған. Мен олардан өзімді оңаша қалдыруымды сұрадым. Қай прибор? Қандай көрсеткіш? Алдымен, сол қондырғының өзін тексеру керек. Сосын алынған импульс сигналын келесі прибордың қабылдау жүйесінің дұрыстығына көз жеткізіп, шешім шығару үшін жоғарыға дәлелінді нақтылап, әскери тілмен баяндап отыруға тиіссін. Бұл – айтуға ғана оңай, ал іс жүзінде, сенің артыңда мындаған адамның еңбегі мен олардың тағдыры, қаншама солдат пен офицер өмірі тұр. Сенің дұрыс шешімің қыл үстінде тұрғанын сезінудің өзі жауапкершілікпен қатар қорқыныш сезімін де тудырады. Ал сол сезімнің өзін басуға сенің ерік-жігерің керек...», – деген өмірінің өзі өнеге болған Оңғарбай ағам.

«Өз сараптамамыз бітіріп, шешімімнің дұрыстығын дәлелдеу үшін генералға «мені шахтыға түсір» дедім. Бәрі үнсіз. Мен өз есебімді шығарып болып, «приборды алмастырам» деген тоқтамаға келгенімді аса құпия байланыспен Бас штабқа мәлімдедім. Жер астына түсіп есебім мен шешімім дұрыстығын дәлелдеу барысында дабыл көрсеткен приборды алмастырдым. Менің барлық қимылымды Бас штабтағылар монитормен қарап отырды.

Тым-тырыс. Алмастырылды. Аппаратты іске қосуға жоғарыдан келісім алдым да қостым. Екі секундтан кейін монитор «Бәрі қалыпты!» деген жазуды жарқ еткізді. Есебім дұрыс! Жер үстіне көтерілгенде, барлық офицер құрамасы сапта тұрып қол шапалақтап, құрметпен қарсы алды. Иә, солай болған...», – деп әңгімесін жалғастырып, генералдың үйінде қонақта болғанын, көлікті өзі жүргізіп, әуежайдан мінгізіп салғанын айтқан. Соңынан әскери бөлімнің атынан «Алғыс хат» пен ақшалай сыйлық бөлгені, ұжымға: «Біздің арамызда осындай білімді де білікті адамдар болса, біздің космосымыз қауіпсіз деп сенеміз...» деген сынды ұзақ сонар хат жіберген екен сол уақытта.

Жапондықтың жымыиысы

«Әлқисса, бірде дейді Жапонияның делегациясымен жоғары дәрежеде өткен ресми кездесу болды. Олар – бесеу, біз де бесеу қарама-қарсы отырамыз. Байқаймын, жапон делегациясының басшысы орыстардан гөрі, азиялық маған қарағыштап қояды. Келіссөз біткенде, жаңағы жапон делегациясының төрағасы қол алысу рәсімінде алақанымен қолымды әдеппен

қысып: «шығыс халқының осындай дәрежеге көтерілгеніне ризамыз» дегендей алғыс сезімін білдірген-тін. Осындай да сәттер болып тұрады...» деген ағамыз ауылға келгенінде. Әрине, бұлардың барлығын кейіннен ғой айтып жүргені. Сондай сәттерде: «Өзің туралы ештеңе айтпайсың, Мәскеудегі мықты нағашың жайлы не білесің десе, не деймін?...» дегенде ара-тұра айтатыны ғой бұл.

Әлқисса, «Боран» зымыранының ең бірінші төрт макетін жасап, әрқайсысын жетілдіріп, ең соңғы бесіншісін завод-дайындаушыға берген. Ұшқаны да сол. «Боран» зымыраны корпусының материалының салмағы шүберектің салмағындай болыпты. Ал температураға мықтылығы сондай, 5 тиындықты үстіне қойып, ерітіп, балқытады. Сонан соң ерітіндіні ысырып тастағанда, жаңа шүберектей материалдағы балқыған жерге сызат та түспейді екен, таңғалмай көріңіз.

Нағашысы КСРО тарап жатқанында екі елдің президенттерінің ракета зымырандарын ратификациялау келісіміне байланысты американдық зымыран мамандарымен бір ай бірге қоян-қолтық араласып, жұмыс жасағанын айтқаны бар. Американдықтардың сауаттылығы жағынан орыстардан артық емес, алайда АҚШ-тың космос мамандарына жасаған жағдайы өте жақсы екенін байқапты. Тіпті, олардың отбасы жүз пайыз мемлекет қамқорлығында болады екен.

Не дегенмен, тоя тамақ ішпей, жетімдік зарын көріп өскен баланың денесі көк теңіздің суымен қақталып, шымыртып, өмірден өз орнын тапты. Біліммен ғана қаруланып қоймай, өжеттігімен спорт сайыстарында суырылып алға озған. Бекділда 1981 жылы Мәскеуге темір жолдың жеңілдік билетімен анасы Қымбатты Жуковскийге, інісі Оңғарбайдың үйіне апарған. Сол кезде нағашысының сонау студент кезінде (1967 жылы) шаңғыдан 1-орын алған «мақтау қағазын» көргені бар.

Оңғарбай Қазыбайұлы қазақы ауылда өссе де, оқыған класы орысша, училищедегі сабағы орыс тілінде, еңбек еткен ортасы орысша, Мәскеуде тұрған, әйелі мәскеулік орыс қызы... Нағашысы ауылға 4-5 жылда он күнге ғана келеді, бірақ таза қазақша сөйлейді. Шалқардағы Қымбат апасының үйіне келгенде, Бекділданың келіншегі Макизаға домбыра тартқызып, әнге өзі қосыла жөнелетін. Біз: «аға, обед ішейік, дайын» деп асқа шақырғанда, «орысша айтып қойдың» деп жиендеріне ескерту жасап, бізді ұялтқаны бар. Бұл – рухы мығым, ұлтын жанындай жақсы көретін-дердің туған тілін де солай құрметтейтінінің дәлелі. Ұлтын сүйген ұлдар сөйтеді.

«Алматыда суық хабар тиісімен, Мәскеуге ұшып, аурухана басшылығына құжатын көрсетіп, марқұмның ет-жақыны екенімді әрі оның мұсылман екенін айтып, өртеуге (крематория) дайындап қойған жерінен мүрдені әрең дегенде қолыма алдым. Сөйтіп, нағашымның рухы алдында жеңілдемсе де, әйелі Раиса Михайловнаның «өртеуден аман алып қалдың, енді баласы жерленген орыс зиратына қоймын» дегеніне амалсыз көнуге тура келді. Мешіт имамына жағдайды түсіндіріп, жаназасын шығартып, мұсылманша жерлеп қайттық», – дейді Оңғарбайдың жиені ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясының лектор-сарапшысы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Жанділда Әжіғалиұлы.

«Боран» жүк тасымалы кемесін жасауға қатысқан, «Бор» космос ұшағын құрастыруға бастан-аяқ атсалысқан жетекші конструктор, «Мясищев-Техсервис» ААҚ құпия мекемесінде директордың бірінші орынбасары, қазақтан шыққан тұңғыш ғарыш конструкторы Оңғарбай Қазыбаев Жуковский қаласындағы зиратта жерленді. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген сол. Көзден кетсе де, көңілден кетпес космос қайраткерінің еңбегі мен өнегесі талайға үлгі болып қалары анық. Біздікі, ұлтын сүйген ұлдың ұлылығын айту ғана.



Әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет. 2024 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін
6433,44 теңге

95503

Жеңілдікпен ҮОС қатысушылар, зейнеткерлер,
мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін
4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін post.kz сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша Post.kz қызметі арқылы жүзеге асырылады.



Құрметті
жазылушылар,
сәттілік
тілейміз!

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің № 4/524-663 2 қарашадағы 4/524-663 қаулысы

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын белгілеу туралы (жария сервитут)

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69 баптарына және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Электрберудің кабельдік желілерін жүргізу үшін меншік иесі Қуралбаев Бекзакирден жер учаскесін алып қоюсыз Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Жолымбет көшесі, 44 учаске мекенжайы бойынша орналасқан ауданы – 0,0442 га (жалпы ауданы – 1,9166 га) жер учаскесінің (кадастрлық нөмірі 20-314-068-015) бір бөлігіне 3 жылдық мерзімге шектеулі пайдалану құқығы белгілеу туралы (жария сервитут) белгіленсін.
- Алматы қаласы жер қатынастары басқармасы Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасымен бірлесе отырып:
 - жер учаскелерінің меншік иелеріне (жер пайдаланушылар) қабылданған қаулы туралы хабарласын;
 - осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
 - осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік етенін орынбасары жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидаттардың сайлау қорларына қаражаттың түсуі және жұмсалуды туралы есеп

2023 жылғы 28 қазандағы жағдай бойынша, теңге

№	Іс-шараның атауы	Бакарасова Елена Евгеньевна	Лактюшин Дмитрий Николаевич	Молдасанов Азамат Шорманжанович	Новосельцева Наталья Владимировна	Сабрайым Женибек Бағыбайұлы
1	Сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:	8 010 000,0	4 650 000,0	100 000,0	0,0	0,0
1.1	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес кандидаттың өз қаражаты	6 610 000,0	0,0	0,0	0,0	0,0
1.2	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 106-бабы 2-тармағы 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтары мен ұйымдардың ерікті қайырымдылықтары	1 400 000,0	4 650 000,0	100 000,0	0,0	0,0
1.2.1	Азаматтардың ерікті қайырымдылықтары	1 400 000,0	0,0	100 000,0	0,0	0,0
1.2.2	Қазақстан Республикасы ұйымдарының ерікті қайырымдылықтары	0,0	4 650 000,0	0,0	0,0	0,0
2.	Белгіленген шекті мөлшерден асып кетуіне байланысты қайырымдылық берушілерге қайтарылған қаражаттың барлығы, оның ішінде:	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
2.1	азаматтарға	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
2.2	ұйымдарға	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
2	Жұмсалған сайлау қоры қаражатының барлығы, оның ішінде:	8 010 000,0	4 650 000,0	100 000,0	0,0	0,0
3.1	Кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарына шығу (01 шығыстар коды)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
3.2	Сайлау алдындағы жария іс-шараларды, кандидаттардың, олардың сенім білдірілген адамдарының және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының сайлаушылармен жеке кездесулерін ұйымдастыруға және өткізуге арналған шығыстар (02 шығыстар коды)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
3.3	Баспа, дыбыс-бейне және өзге де үзім материалдарын шығаруға және (немесе) таратуға арналған шығыстар (03 шығыстар коды)	7 842 000,0	4 650 000,0	100 000,0	0,0	0,0
3.4	Заңды және жеке тұлғалардың үзім жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуге арналған шығыстар (04 шығыстар коды)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
3.5	Кандидаттардың, олардың сенім білдірілген адамдарының және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының сайлау алдындағы үзіммен байланысты көлік және іссапар шығыстарын жабуға арналған шығыстар (05 шығыстар коды)	168 000,0	0,0	0,0	0,0	0,0
3.6	Сайлау науқаны үшін арнайы әзірленген баспа материалдарын, соның ішінде безендірілген материалдарды, сондай-ақ омырауға тағатын белгілерді, жалауларды, жалаушаларды және басқа да белгілер мен нышандарды тегін тарату үшін дайындау шығыстары (06 шығыстар коды)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
4	Сайлау қоры қаражатының қалдығы	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
5	Республикалық бюджетке аударылды (қаражат қалдығының 2/3 бөлігі)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
6	Кандидатқа, саяси партияға қайтарылды (қаражат қалдығының 1/3 бөлігі)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0

Алматы қаласы мәслихатының депутатын сайлау жөніндегі Алматы қаласының №4 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан халық банкі» Акционерлік қоғамының деректері негізінде

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCKx3M2xrJCHx68r1JgdyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Әсел ТАШИБАЕВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

АҚШ АСЫРАҒАН АРУ...

жүрек түкпіріндегі жан сырымен бөліседі

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Отандық Jibek joly телеарнасында «Шетелдегі қазақ балалары» деген жоба бар. Авторы әрі жүргізушісі – белгілі журналист Жанар Байсемизова. Аталған жоба әлеуметтік желіде ең көп пікір жазылатын, көрермені көп бағдарламаға айналды. Ол бірде қуанып, бірде мұңайып көретін, үнсіз ғана құлақ қоя тыңдайтын, жүректерді қозғайтын оқиғалар желісінен тұрады. Басты кейіпкерлері – Қазақстанда туып, бірақ өзінің бесік жырын, туған анасының «айналайынын» естімей өскен, шетел асып кеткен, яғни асырап алынған қыз-жігіттер.

Біз әлеуметтік желіде кеңінен тараған, көбірек бөлісілген Динара мен Сабина есімді бойжеткендердің бағдарламадағы жүрекжарды әңгімелерін қағазға ықшамдап түсірген едік. Бүгін әуелі Динара бойжеткеннің айтқандарына құлақ түрейік.



Photo eric.com

БІРІНШІ ОҚИҒА:

«ТУҒАН ШЕШЕМДІ КӨП КҮТТІМ, ОЛ КЕЛГЕН ЖОҚ...»

ДИНАРА, Қостанайдың тумасы,
Америкаға 6 жасында келген,
қазір 25-те, жоғары білімді.

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ ДИНАРА АҚШ



– Балалар үйінде мені туған анамның іздеп келгені есімде. Бәріміз ұйықтап жатқанбыз. Күндіз болатын. Мені оятып, «Динара, саған біреу келіп тұр» деді. Басымды төмен салбыратып шықтым. Мені мамам күтіп тұр екен. Ол мінезі қатал әйел болатын. Маған көп тәттілер мен тамақ әкеліпті. Көп нәрсе айтқан жоқ. Тек маған «бір күні сені үйге алып кетемін» деді.

Балалар үйінде көп қиындық көрдім. Туған шешемді көп күттім. Ол келген жоқ.

Құдай мені жарылқап, алты жасымда ата-анам пайда болды. Олар жетім балаларды асырап алатын сайттан менің суретімді көріпті. Сүп-сүйкімді болыппын. Суретімді көрген бойда анам «біз оны тезірек алып кетуіміз керек» депті. Осылайша өмірге екінші рет қайта келдім.

Мені ұшақтан көп адам қарсы алды. Жаңа өмір басталды. Өмірімде бірінші рет жеке үйім, жеке бөлмем пайда болды.

Жоғары сыныпта оқып жүргенде, ата-анам ажырасып кетті. Өзім де сол кезде күйзелісте жүрген едім. Отбасымның бүлінуі жығылғанға жұдырық болды. Қуаныштысы, қазіргі күні анам да, әкем де өз теңдерін тапты.

– Көңілсіз, қорқынышты сәттер жадыма жаңғырып тұр. Жанымды жаралаған оқиғалар көп болды. Туған анамның қорған болма-сын білсем де, балалар үйіне қалай түстім деп ұзақ ойланатынмын. Маған тамақ беріп, киіндіретін бір жайлы жер болғанын қаладым. Сол кезде бірге болған балаларды ұмытқан жоқпын. Олар үнемі менің басымда.

Мені бір-екі жасымда сонда тастап кетті.

Анама қатты зәру кезде жалғыз қалдым. Айналамда мен сияқты жалғыз қалған балалар! Тәрбиешілер үнемі ауыса беретін.

Күн күркіреп, найзағай ойнағанда, зәре-құтым қалмайтын. Оның ауа райының жәй ғана құбылысы екенін түсінбедім. «Қорықпа, қазір басылады» деп жәй ғана тыныштандыратын анам болған жоқ... Бір нәрсені көзіңе жас алмай айту мүмкін емес... Біз бір отар қой сияқты болдық, қайда айдаса сонда баратын. Әрқайсысымызға жеке адам ретінде қарамайтын. Мейірім, махаббат, қамқорлық дегенді көрмей өскен жетімдердің тобыры болдық.

– Бойым бәрінен ұзын болды. Балалардың арасында сарайып тұратынмын. Бәрі мазақтайтын. Ашқарақ болдым, тамаққа тоймайтынмын.

Сиыр деп атап кетті мені. Білесіз бе, үлкен тәрбиешілер сиыр дейді балаға! Бізде тамақ бар, ішетін су бар, тұратын жер бар, алайда мейірім, қамқорлық, махаббат, жылылық жоқ. Тәрбиешілер мені жек көретін. Зекіп ұрысатын.

Біз де бір ереже бар еді, жаман бала болсаң, сені жазалайды. Кішкентай ғана бірденің бүлдіріп қойсаң, жаман қызбын. Әрине, тәрбиешілер бізді бір нәрсеге үйретуге тырысты. Бірақ мен өлместің күйін кештім, тірі қалуға тырмыстым, алға ұмтылдым. Жетім балаларға жеке дара ешнәрсе жасалмайтын.

Тағы бір есімде қалғаны, бізді автобуспен суы, құмы бар бір жерге апарды. Ауа райы тамаша болатын. Тәрбиешілер бәрімізді жүзе алады деп ойлады ма, білмеймін, маған ешкім ешнәрсе үйретпеді. Бізді шомылындар деп суға жіберді. Бір кезде суға батып, тұншыға бастадым. Сол кезде қатты қорқып, шошып қалдым. «Мамама барам, мама!» деп шыңғырып жылады. Дірілдеп кеткем. Бірақ мені ешкім жұбатқан жоқ. Маған айқайлады. «Егер жылауыңды қоймасаң, саған тамақ бермей қоямыз» деді. Осы сөздерді әлі күнге ұмыта алмаймын. Мен бақытсыз бала болдым.

– Тәрбиешілер бізді мазақ ететін. Тіл алмаған балаларды жуынатын бөлмеге апарып, ағашпен ұратын. Тіпті, бір баланың денесін үтікпен күйдірген, өз көзіммен көрдім. Мен өзімді қорғауға тырыстым, аш қалмау үшін тәрбиешінің сөзін екі етпей орындадым. Жақсы тәрбиешілер де болды, бірақ олар үнемі ауысып кететін. Жаңадан келгендері өз білгенін істейтін.

Мені де талай рет ұрып, соқты. Бала деген жақсы мен жаманды айыра алмайды ғой. Бірденің бүлдіріп қойсаң, жуынатын бөлме-

ге апарып, еңкей деп айтатын. Сосын ағаш таяқпен аямай ұратын. Тобымызбен жуындыруға апарғанда, бір тәте үстімізді ысатын еді. Жазықты болсақ, ыстық судың астына тұрғызып қоятын. Бірде досым (Асхат деген бала, Динарамен бір күнде мұхит асқан, яғни ол да асырап алынған жігіт, қазір Каролина штатында тұрады, екеуі әлі күнге дос) екеуіміздің не бүлдіргеніміз есімде жоқ, тыңдамадық па, білмеймін, аузымызға сабын тығып, жуынатын бөлменің жарығын өшіріп, қамап кетті. Тырп етпей тұруымыз керек. Қап-қараңғы бөлмеде өлердей қорыққаным есімнен кетпейді. Әлі де жүрегім ауырады.

– Америкада да мен көп қиындық көрдім. Басымнан өткен небір зұлматтарды тізбектей кетіп, көзі қанталаған, өзегі өшпенділікке толы қатыгез адамға айналуыма болар еді. Ө десе, мә деп тұратын, адам баласына қалай болса солай қарайтын азғын адамға айналуыма болар еді. Бірақ менің жүрегімде зұлымдық жоқ. Егер өкпе-ренішті, жан жарасын өмір бойы арқалап өтуді қаласам, ең алдымен өзіме зияны тиетін еді. Жүрегім бұған шыдамай жарылып кетер еді. Өмірім сұрықсыз суретке ұқсар еді.

Иә, мен қиын өмір сүрдім. Бірақ санамды сергелденге салып, жан дүниемді азаптап, көңіл айнасын қайтадан кірлетпеуге жол бермейін. Қараңғы тұсымды қазбалай бермей, жарыққа ұмтылуға шешім қабылдадым. Басымнан өткен қиындықтар мені жетілдірді. Мен қатыгез, зұлым болуға келіспеймін. Мен Динараның жақсы жағын көбейткім келеді.

– Сәлем, мама! Мен сені қатты жақсы көрем. Сенде бәрі жақсы деп ойлаймын. Қайда болсаң да, бәлкім жұмақтасың, бәлкім тірісің, өмірінде қандай жағдай болмасын, сен менің жүрегімдесің, менің бір бөлігімісің, білесің бе, менің мына ішімдесің, мама! Мен сені көп ойлаймын. Сен істеуің керек нәрсені жасадың. Мені балалар үйіне өткізіп кеткенің үшін ұяттан өртеніп жүрген боларсың, ештеңеден ұялма. Менің жақсы өмір сүргенімді қаладың ғой, мені баға алмай қиналған шығарсың. Мен сені жақсы көремін, мама! Қайда жүрсең де аман бол! Менің жүрегімдесің. Мен сені ешқашан ұмытпаймын.

P.S. Екінші оқиға, яғни Сабинаның әңгімесі газетіміздің келесі нөмірінде жарияланады.